

Алғыс арқалағандар



(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бүгінгі таңда біздің дәрігерлер заманауи технологиялармен жұмыс істейді. Атап айтар болсақ, Х.Мақажанов атындағы көпсалалы ауруханада Remebot жүйесін пайдалана отырып, бірегей нейрохирургиялық операциялар жүргізілді. Қазақстанда алғаш рет Паркинсон ауруы бар науқасқа тереңдік стимуляторы сәтті имплантацияланды. Мұның бәрі сіздердің шеберліктеріңіз бен еңбектеріңіздің, мамандыққа және адамдарға деген сүйіспеншіліктеріңіздің арқасы, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Аймақ басшысының айтуынша, қазіргі заманғы медицина мемлекеттік және жеке секторда дамып келе жатқанын атап өту маңызды. Бүгінгі таңда біздің облыста мемлекеттік тапсырысты орындауға қатысатын медициналық ұйымдардың 62%-ы жекеменшік. Оның үстіне соңғы екі жыл ішінде ғана 200-ден астам маман қызметтік баспана алды. «Жаңа қала» шағын ауданында дәрігерлер үшін 400 пәтер салу жоспарланған. Сонымен қатар, тар бейінді мамандар үшін көтерме жәрдемақылардың мөлшері – 8,5 миллион теңгеге дейін ұлғайтылды. «Дипломмен ауылға» мемлекеттік бағдарламасының арқасында көтерме жәрдемақы алған 106 жас медицина қызметкерінің 40-ына тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік несие алу мүмкіндігі берілді.

– №3 көпсалалы аурухананың аға медбикесі Сәуле Түсіпбекованы жоғары мемлекеттік награда-сымен құттықтаймын. Қазақстан Республикасы Президентінің

Жарлығымен ол «Құрмет» орденімен марапатталды. Сіздің жолыңыз – аймақтың денсаулық сақтау саласын дамыту тарихы, жаңа ұрпақты шабыттандыратын қызметтің мысалы. Сіздердің әрқайсыларыңыз мерекелерде ғана емес, күн сайын назар аударуға, тануға және құрметтеуге лайықсыздар, – деді облыс әкімі.

Салтанатты жиында облыс әкімінің сыйлығы он аталым бойынша өз иесін тапты. Атап айтсақ, «Үздік орта медицина қызметкері» аталымы профессор Х.Мақажанов атындағы көпсалалы аурухананың операциялық медбикесі Лизат Қапашеваға, «Үздік жас дәрігер» аталымы Қарағандыдағы №5 жедел медициналық жәрдем станциясының дәрігері Әділет Әубәкірге, «Үздік акушер-гинеколог» аталымы Теміртау қаласының көпсалалы ауруханасының ана мен баланы қорғау бөлімінің басшысы Сәуле Аманжоловаға, «Үздік жалпы практика дәрігері» аталымы Қарағанды қаласының №3 емханасының бөлімше меңгерушісі, жалпы практик дәрігер Айжан Имановаға табысталды.

Сондай-ақ, Шетел аудандық ауруханасының онколог дәрігері Фарида Рахимжанова «Үздік ауыл дәрігері», Қарағанды қаласының №1 көпсалалы ауруханасының аралас жарақат бөлімшесінің меңгерушісі Ғалымбек Сайлауұлы «Үздік хирург», көпсалалы облыстық балалар ауруханасының директоры Арғын Байдайбаев «Денсаулық сақтаудың үздік ұйымдастырушысы» аталымында үздік деп танылды.

«Үздік бизнес-жоба» аталымында «КДІ ОЛИМП Қараған-

ды» ЖШС, «Фармацевтикалық қызметтің үздік маманы» аталымында фармацевтикалық қызметті бақылау бөлімінің басшысы Дарья Росовская марапатталды. Барлық үздік қызметкерлерге облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен 1 млн теңгелік сертификаттар табысталды.

Биылғы медицина қызметкерлерінің мерекесінде Абай қаласы ауруханасының дәрігер зертханашысы Роза Армиянова «Мамандыққа адалдығы үшін» аталымында үздік танылып, 2 млн теңгелік сертификат иеленді.

– Талай жылдан бері осы салада маңдай терін төгіп жүрген жандарды мерекемен құттықтаймын. Медицина қызметі – адамгершіліктің асылы. Дәрігердің мәртебесі жоғары болуы керек, – деп атап өтті Роза Армиянова.

Салтанатты шарада «Үздік жас дәрігер» аталымының жеңімпазы Әділет Әубәкір де жастар атынан өз ойымен бөлісті.

– 2021 жылы резидентураға түстім. Содан бері жедел жәрдем қызметінде жұмыс істеп келемін. Медицина саласында жүрген талантты жастар көп. Қоғам дәрігер мамандығының мән-маңызына күн өткен сайын көз жеткізуде. Көптеген дарынды жастар осы мамандықты игеруге ұмтылып жатыр. Біз осымен тоқтамаймыз, әрқашан дамуды жалғастырамыз, – деді Әділет Әубәкір.

Мерекелік шарада ақ халатты абзал жандардың құрметіне эстрада әншілері «Made in KZ» тобы, Мархаба Сәби, Парвиз Назаров ән шырқады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МЕМОРАНДУМ

Сенімді серіктестік

Облысқа Солтүстік Каспий жобасының операторы – «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (NCOC) компаниясының басқарушы директоры Джанкарло Рую бастаған делегация келді. Бұл кездесу – жай ғана жұмыс сапары емес. Бұл – өнеркәсіптік әлеуеті зор өңір мен халықаралық мұнай-газ алыбы арасындағы ықпалдастықтың жаңа парағы.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сапар қорытындысында облыс әкімдігімен меморандумға қол қойылды. Онда тараптар жергілікті тауар өндірушілерді қолдауға уағдаласты. Бұл – ел Президентінің отандық бизнесті өркендету жөніндегі тапсырмасымен үйлесетін нақты іс.

Өңірлік кәсіпкерлер палатасының алаңында Қарағандының кәсіпорындары өз өнімдерін паш еткен көрме ұйымдастырды. Темір мен болаттан бастап, жабдықтар мен құрылғыларға дейін көрмеге қойылды. Бұл көрме тек өңір әлеуетінің айғағы.

Мұнан соң маңызды алаң – дөңгелек үстел өтті. Онда облыстың өнеркәсіп иелері, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Экология және табиғатты пайдалану комитетінің төрағасы Еділ Жанбыршин, Мәжіліс депутаты Арман Қалыков, Энергетика министрлігі, «PSA» ЖШС өкілетті органы, Мұнай-газ машина жасауды дамытудың халықаралық орталығы өкілдері бас қосты. Олар ортақ мүддені, және жергілікті қамтуды арттыруды талқылады.

– Бүгінгі кездесу NCOC компаниясы мен облыстың бизнес-қоғамдастығы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға бағытталған. Өзара тиімді серіктестік үшін жаңа көзқарастар ашатынымызға сенімдімін. Бұл біздің кәсіпорындарға және бүкіл өңірге пайда



әкеледі. Бұл жұмыс Мемлекет басшысының отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі тапсырмасы аясында жүргізілуде, – деді облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Әкім өз сөзінде облыстың былтырғы өнеркәсіптік жетістіктерін де атап өтті. Өндіріс көлемі 4 триллион теңгеден асып, еліміз бойынша екінші орынға шықты. Минералдық-шикізат базасы, географиялық тиімді орналасуы, логистикалық мүмкіндігі мен кәсіби кадрлар – мұның бәрі инвесторларды тартуда шешуші факторлар екенін айтты. 2024 жылы өңірге салынған инвестиция көлемі 1,4 трлн теңгеден асқан.

NCOC басқарушы директоры

Джанкарло Рую Қарағанды облысына келудің стратегиялық мақсаты – жергілікті қамтуды ұлғайту екенін айтты.

– Қарағанды облысы орасан зор өнеркәсіптік әлеуетке ие және біз халықаралық техникалық стандарттар мен сертификаттарға сәйкес келетін жаңа серіктестерді іздестірудеміз, – деді ол.

Дөңгелек үстелде Мұнай-газ машина жасауды дамыту халықаралық орталығының бас директоры Дастан Әбішев те сөз алып, орталықтың қызметі жайлы баяндады. Айтуынша, олар операторлар арасында сұранысқа ие тауарлардың тізімін жасап, алдын ала 300-ге жуық қазақстандық кәсіпорынды іріктеген. Соның ішінде 21 кәсіпорын – Қарағанды өңірінен.

Кездесу барысында қарағандылық өндірушілер NCOC компаниясының өкілдеріне өз ұсыныстарын тікелей айту мүмкіндігіне ие болды. Сонымен қатар, жергілікті қамту, келісімшарттар мен сатып алулар жөніндегі бөлім мамандарымен пікір алмасып, Сол-

түстік Каспий жобасының ерекшеліктерімен танысты.

Қол қойылған меморандум – қазақстандық қамтуды арттыруға, өзара сенімге және ортақ нәтижеге бағытталған нақты қадам.

Делегация сапары облыстың бірқатар кәсіпорындарын аралаумен аяқталды. Инвесторлар өндіріс орнында болып, өнім түрлерімен, жұмыс процесімен танысты.

Бұл кездесу – Қарағандының мүмкіндігі мен ниетін, ал, халықаралық компанияның сенімі мен ашықтығын көрсеткен оқиға. Келісім бар жерде – келешек бар.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӨНІРЛЕРДІ ДАМУЫ

Ауылдың ажары кіреді

Облыстағы бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері осы жолы өткізген баспасөз турында Абай ауданын аралап, атқарылып жатқан көптеген игі істерге қанықты. Біздің сапарымыз «Қарағанды-Жезқазған» ұзын жолының бойындағы Дубовка кентінен басталды. Соңғы бес-алты жылға дейін Бұқар жырау ауданына қарап келген бұл елді мекен адамның да, Құдайдың да назарынан тыс қала берген. Енді іргесіндегі Абай ауданының құрамына кіргелі шешімін таппаған біраз мәселелер қолға алынып, 4 мыңнан аса халық тұратын ауыл оның игілігін көретін күн де жақын.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Соның бірі бізге 29,6 шақырым көріз жүйелерінің 90 пайызы ескіріп, тозығы жеткен еді, – дейді Дубовка ауылдық округінің әкімі Ерғали Қысырауынов. – Құны 3 миллиард теңгедей болатын бұл жұмыстарды 2023 жылдан бері «Астана-инжиниринг» ЖШС атқарып, бүгінге дейін көріз жүйелері толық жаңартылып, 1 кондициялық сорғы станциясын жаңғырту аяқталып қалды. Одан әрі осындай екінші станцияның құрылысына кіріседі олар.



Осы шаруалар біткен соң осындай 22 көпқабатты жөне 500-ге тарта жер үйлер оған қосылып, 27 көшенің 13 шақырым жолдары асфальтталмақ. Оған да бөлінген 700 миллион теңге қаржыны «Гимарат» ЖШС 2 жыл ішінде орындап шығу ниетінде.

Дубовканың байырғы тұрғыны, жергілікті қоғамдастықтың төрағасы Юлия Шатилова осы іске, бұдан бөлек кейінгі 5 жылда өздеріндегі орта және өнер мектептерінің күрделі жөндеуден өтіп, стадионның жаңартылып, үйлердің сырты еуропарбақпен қоршалып жатқанына қуанышын білдірді.

Мемлекет басшысы жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін де айтумен келеді. Соған байланысты Абай ауданы-

ның келесі Мичурин ауылдық округіне қарасты Садовое және Ягодное ауылдарында да ауыз су құбырларын тарту ісі қарқынды жүргізілуде.

Абай аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Бақтияр Мұрсаловтың айтуынша, Ягодное ауылындағы жұмыстарды «Нури және Д» ЖШС өткен жылы бастап, оған бөлінген 338 миллион теңгені толық игеріп, 3,2 шақырым ауыз су құбырларын төсеп, су бөлу станциясын салып, оны осы маусым аяғында іске қосқалы отыр.

Ал, Садовое ауылына да 4,2 шақырым ауыз су құбырлары тартылауда. Аталған округтің әкімі Елдос Баймағамбетов құны 343 миллион теңгелік бұл жұмыстарды да жоғарыдағы «Нури және Д» ЖШС 1 қыркүйекке дейін тәмамдауды жоспарлап отырғанын айтады. Сөйтіп, екі ауылдың тәмамдауды жоспарлап отырғанын айтады. Сөйтіп, екі ауылдың тәмамдауды жоспарлап отырғанын айтады. Сөйтіп, екі ауылдың тәмамдауды жоспарлап отырғанын айтады.

Ендігі біздің бет алғанымыз Топар кентіндегі демалыс аймақтары болды. Мұндағы су қоймасының жағасында орналасқан 20 жеке меншік және 25 ведомстволық демалыс орындарының әлеуетін арттырып, келешекте оларды туристтерді қабылдайтын жерге айналдыру Абай ауданы әкімдігінің

жоспарында бұрыннан бар.

– Сол мақсатта оларға баратын 11 шақырым жолға асфальт төсеу жоспарланып, қазірде оң жағалауға баратын 2,6 шақырым жол асфальтталды. Ал, қалған асфальт жол сол жағалауға төселеді. Егер жылда жазғы маусымда мұнда кемінде 30 мың адам келіп, демалса, алда олардың саны өседі деген ойдамыз. Себебі, ауданда туризмді дамыту бағытында бұл іске жеке инвесторларды тартудамыз, – дейді аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Дәріжан Мырзахметова.

Осы сөздің шындығына сол жағалаудағы «Серенити» демалыс аймағын барып көргенде, көзіміз жетті. Оның қожайыны Любовь Токупова осында салынып жатқан 32 орындық қонақ үй мен жеке үйлердің құрылысын көрсетсе, «Холидей» демалыс аймағында қазірдің өзінде демалып жатқан адамдардың қарасы аз емес екен. Бұл демалыс аймағының қожайыны Галина Киберча жаз мезгілінде күніне 500 адамды қабылдап, жыл бойы үзіліссіз жұмыс істейтіндерін мәлімдеді. Оған қажет қоллайлы жағдайдың бәрі жасалып, қонақ үйі де, балалардың ойын алаңдары, арнаулы моторлы қайықтары да бар көрінеді.

Сонымен, Абай ауданын аралағанда, көргенімізге көңіліміз толып қайттық.

Абай ауданы

Суреттер автордан

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

Әлеуметтің әл-ауқаты артады

Арқаның жазы екі-ақ ай. Уақытылы қамданбасақ, қыс та алыс емес. Күннің көзі қыздырып тұрғанымен, билік өкілдері қара құздің қамын қараша халықтан бұрын ойлап жүр. Шахтинск қаласы мен оның айналасындағы елдімекендерде жылуға, суға, газға және жолға қатысты қандай мәселе бар? Осы орайда облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов бастаған депутаттар, атап айтсақ, Мұрат Әбілов, Евгений Буслаев, Абсаям Карин, мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдері жергілікті жұртпен жүздесіп, жылыту маусымына дайындықты көзбен көріп, көкейде жүрген көп сауалға жауап іздеді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Құбыр ауысып, қазандықтар жаңарды

Жайма шуақ жаздың бел ортасында қыстың қамына кіріскен елдің тірлігі шынайы жауапкершіліктің көрінісі екені сөзсіз. Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттары Шахтинск өңіріндегі жылыту маусымына дайындық барысымен танысу сапарын Шахан кентінен бастады. Алдымен, ат басын тіреген нысан – 2021 жылдан бері үздіксіз жұмыс істеп тұрған орталық қазандық.

Нақтырақ айтсақ, қазіргі таңда кенттегі көпқабатты үйлердің 99 пайызы жылуға қосылып үлгерген. Мектеп, аурухана, кәсіпкерлік нысандар да бәрі де осы орталық жүйеге тәуелді. «Қазандық қазан айына дейін сақадай сай болуы тиіс» деген талапты алға тартқан жергілікті әкімдік оның әр бұрандасын түгел түгіндеуге кірісіп кеткен.

Жөндеу жұмыстары ғымараттың сыртын ғана сипап өтпейді. Сонымен қатар, №1,2,3 қазандықтардағы қондырғылардың бүйірлік құбырлары да ауыстырылады. Жылу беретін ішкі құрылғылардың тозығы жеткен бөліктері жаңартылмақ. Бұған қосымша қосалқы құрал-жабдықтар да күрделі жөндеуден өтеді деп жоспарланып отыр.

Қазандықпен ғана шектелмей, жылу жүйесінің құретамыры болып есептелетін құбырлар да назардан тыс қалмайды. Атап айтсақ, биыл 4,8 шақырым магистральдық құбырды ауыстыру жоспарда тұр. Бұл – жай сандар емес, үйдегі жылудың сапасы мен сенімділігіне тіке әсер ететін көрсеткіш.

Осылайша, Шахан кенті – қысқа сақадай сай болуды қазірден бастап қолға алған.

Жол мен көпір жөндеуде
– Өздеріңізге белгілі, жұмырда өткен кезекті жиынның бірінде облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев басталған жобаларды мерзімінде аяқтауды мұқият тапсырған еді. Бірақ, жылдамдыққа мән беріп, сапа естен



шықпауы тиіс. Ең бастысы – әр бюджет қаржысы нақты нәтижеге жұмыс істеуі қажет, – деп атап өтті Нұркен Кобжанов.

Сонымен қатар, жұмыс сапары барысында Нұркен Кобжанов депутаттар Мұрат Әбілов, Евгений Буслаев және Абсаям Каринмен бірге «Қарағанды-Саран-Шахтинск» бағытындағы автожол және «Шерубай-Нұра» өзенінің үстінен өтіп, Шахан кенті мен Шахтинск қаласын жалғайтын көпірдің жөндеу жұмысымен танысты.

Мердігер компания – «Көкшетауавтдор» ЖШС өкілдерінің мәліметінше, барлығы 19 шақырым жол толық жаңартылады. Бүгінгі күні Шахан кентінен Тентек шахтасына дейінгі бес шақырымға негіз төселіп, төменгі асфальт қабаты жабылған. Қалған бөлік бойынша ескі жабын алынып, топырақ төсеу, қиыршық тас пен геотекстиль жаймалау, жол жиегін орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жұмыс сапары барысында жол жөндеу жұмысына байланысты тұрғындар тарапынан түсетін шағымдар да назардан тыс қалмады. Шахан кентінің халқы айналма жолдың болмауына байланысты туындаған қолайсыздықтарды біраз уақыттан бері айтып келеді. Осыған орай мердігер компания жөнделген жол бөлігін осы айдың соңына дейін ашуға уәде берді.

Газ бен су қолжетімді болуы тиіс

Сонымен бірге, халық қалаулылары республикалық бюджет есебінен жүзеге асып жатқан Шахтинск қаласын газдандыру жобасымен де танысып шықты. 2023 жылы бастау алған ауқымды жоба аясында жалпы ұзындығы 229 шақырым болатын газ тарату желілері тартылып, 1434 үйге көгілдір отын жеткізілуі тиіс.

Қазіргі таңда «Шахтинск» автоматтандырылған газ реттеу станциясы мен жоғары қысымды газ құбырының құрылысы аяқталған. Бүгінде төмен қысымды газ құбырлары



төселіп, «Солтүстік-Батыс» ықшамауданына шығатын тораптар орнатылып жатыр.

Жұмыс сапары барысында, әсіресе, Шахтинск өңіріндегі жеке секторда тұратын азаматтарды газ жүйесіне барынша көбірек қосу қажеттігі баса айтылды. Бұл әрі әлеуметтік әділдік, әрі экологиялық қауіпсіздік мәселесі екені анық.

Ауыз сумен қамту жайы да назардан тыс қалмады. Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбековтің айтуынша, қалада су желілерінің жалпы ұзындығы 49,4 шақырымды құрайды.

– Су жүйесінің біраз бөлігі тозғанымен, қайта жаңарту жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Бұл бағыттағы алдағы міндет – апатты учаскелерді анықтап, су сапасын арттыруды көздейтін нақты шаралар қабылдау, – деп атап өтті Мұрат Қыдырғанбеков.

Судың сұрауы, жылудың жауапкершілігі бар

Қазіргі таңда Шахтинск өңірінде су

және кәріз жүйелерін жаңғыртуға бағытталған бірнеше жоба іске асырылып жатыр. Атап айтқанда, Новодолинский кентіндегі кәріздік газарту құрылғыларын қайта жаңарту және су құбыры желілерін салу жұмыстары кестеге сай жүріп жатыр. Сонымен қатар, «Шахтинскводоканал» ЖШС өз қаражаты есебінен Шахтинск пен Шахан қалаларында 52,3 шақырым су құбырын қайта құруды жоспарлап отыр. Бұл жұмыстардың инженерлік желілердің тозу деңгейін 23 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік беретінін атап өткен жөн.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың инженерлік инфрақұрылымның тозу деңгейін 50 пайыздан төмендету жөніндегі тапсырмасын толық орындаймыз. Алайда, басталған және алдағы жобаларды аяқтау үшін қосымша бюджет қаражаты қажет. Сіздерден қолдау күтеміз, – деді Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков облыстық мәслихат төрағасына атқарылып

жатқан жұмыстар жайлы айта келіп.

Бұдан бөлек, халық қалаулылары жұмыс сапары аясында Шахтинск жылу электр орталығындағы күрделі жөндеу барысын да назарға алды. Кәсіпорын басшысы Алтай Елжасовтың айтуынша, барлық негізгі жұмыстар 1 тамызға дейін аяқталуы тиіс. Қала 1 қазанға дейін жылу қабылдауға толық дайын болуы керек.

– Қазіргі уақытта стансадағы көмір қоры 25 мың тоннаға жеткізілуде. Бұл көлем, кем дегенде, желтоқсан айының ортасына дейін жеткілікті. Сонымен қатар, біз кадр тұрақсыздығын азайту үшін жұмысшылардың орташа жалақысын көтердік, – деді Алтай Елжасов.

Бұл – бір кәсіпорынның проблемасы ғана емес, тұтас қаланың қысқа дайындығы мен тыныштығының кепілі.

Халыққа жайлы жағдай қажет

Соңғы екі жылда Қарағанды облыстық бюджеті есебінен Шахтинск өңірінің коммуналдық инфрақұрылымын жаңғыртуға

қомақты қаржы бөлінген. Аймақтағы өмір сүру үшін маңызды нысандарды аралап шыққан облыстық мәслихат депутаттары бұл жұмыстардың үздіксіз атқарылып жатқанына көз жеткізді.

Нұркен Кобжанов ЖЭО базасында өткен жиында сөз сөйлеп, мұндай жауапты жұмысты кәсіби деңгейде атқарумен қатар, сондай-ақ, қоғам тарапынан тұрақты бақылау қажет екенін баса айтты.

– Коммуналдық кәсіпорындардың еңбегі – көзге көрінбейтін, бірақ өмір үшін аса маңызды жұмыс. Жылу мен су – жай қызмет емес, бұл – халықтың жайлылығы мен қауіпсіздігінің кепілі. Сондықтан, жазғы дайындық шаралары – әр тұрғынның ертеңгі күніне әсер ететін маңызды процесс, – деді Нұркен Сайфилдинұлы.

Ал, депутат Евгений Буслаев өз кезегінде Шахтинсктегі 2024 жылғы жылыту маусымы бірде-бір ақаусыз өткенін айтып, келесі қыстың да солай болатынына сенім білдірді.

– Былтыр тұрғындардан бірде-бір шағым түскен жоқ. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Біздің өңір – негізінен шахтерлер мекендейтін өлке. Олар – облыс өндірісінің өзегі. Сондықтан, біз оларға барынша қолайлы тұрмыс жағдайын жасауға тиіспіз. Бұл – жылу, жарық және сумен жабдықтау жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуіне тікелей байланысты, – дейді ол.

Жұмыс сапарының қорытындысында Нұркен Кобжанов жергілікті атқарушы органдар мен коммуналдық мекемелерге нақты ұсыныс білдірді. Барлық жылу және су жүйелерін толықтай тексеріп, әлсіз тұстарын анықтау қажет. Қажет болған жағдайда, жөндеу және жаңғырту жұмыстарына қажетті қаржыға өтінім беріп, депутаттық корпусың қарауына ұсыну қажеттігін жеткізді.

Бұл – қағаздағы хаттамалық талап емес, ел амандығы мен жайлы тұрмыстың тірегі. Шахтинск өңірі қысқа тас-түйін дайын болса, ол – осындай жүйелі және шынайы жұмыстың нәтижесі.

– Барлық жөндеу және дайындық жұмыстарын жылыту маусымы басталғанға дейін толық аяқтау қажет. Бұл – басты талап. Сонымен қатар, апатты жағдайларда жедел әрекет ету үшін отын, қосалқы бөлшектер мен қажетті жабдықтардың қорын құруды ұсынамыз. Қандай да бір апат болған жағдайда нақты алгоритм белгіленіп, жүйені қалпына келтіруге қажет ресурс толықтай дайын болуға тиіс. Оған қоса, жылу мен судың жоғалуын азайтуға бағытталған арнайы жоспар әзірлеу қажет. Бұдан бөлек, халықты дайындық барысы, жұмыс кестесі, жоспарланған жөндеулер туралы үнемі хабардар етіп отыру керек, – деді Нұркен Кобжанов.

Депутаттық корпусың 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымына уақытылы дайындық мәселелерін назарда ұстауы алдағы уақытта жалғасын табады.

Суреттерді түсірген Құрманғазы ЖАНДОС

Газ бейнеттен құтқарады

Қарағандыда газдандыру жұмыстары қарқын алғалы көгілдір отын үйлерге жетіп үлгерді. Бұл ауқымды жоба – Қарағанды өңірінің энергетикалық картасындағы жаңа кезең. Көгілдір отын тек отын ғана емес, тұрғындардың тұрмыс сапасына, қала экологиясына, тіпті, болашаққа деген сенім.

Қарағанды қаласын газдандыру жобасы төрт кезеңнен және 16 іске қосу кешенінен тұрады. Газдандыру жұмыстары 2024 жылдың жазында басталған. Бірінші кезеңде қаланың орталық аудандарын көгілдір отынмен қамту көзделсе, қазіргі таңда бұл жүйе Қарағанды Кіріпші зауытының аумағындағы 1-2, 3-4 секторларды, «Таутұл» және «Күнгей» ықшамаудандары, қаланың Федоров және Михайлов бөліктерін қамтып отыр.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының деректеріне сүйенсек, қазіргі таңда шамамен 300 үйге газ құбыры тартылды. Қала бойынша жалпы ұзындығы 2 шақырымдық газ құбыры төселуде, оның жартысынан астамы қазірдің өзінде аяқталған.

Газдандыру жұмыстарының бірінші кезеңі аясында Қазыбек би ауданына көгілдір отын жеткізілді. Бүгінде үш іске қосу кешені толық аяқталып, нәтижесінде газ желілері 6 076 жеке тұрғын үйге тартылды.

– Жалпы алғанда, бұл бағыттағы жұмыстар ауқымды түрде жалғасуда. Жоба барлығы 246 көшеге құбыр төсеп, 15 мыңнан астам жеке тұрғын үйді газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы жылы Михайлов бөлігінен бастап, Үштөбе ауылына дейінгі жерлерге газ құбырлары төселді. Келесі жылы Майкұдық, Сұрыптау және Пришахтинское тарту жолдарда, – деді «МБК Құрылыс» ЖШС директоры Абай Алькеев.

Директордың сөзіне сүйенсек, әзірге 4 іске қосу кешенінде (Федоров, Михайлов) жұмыстар жүргізілуде. Диаметрі 325 мм-лік болатын жоғары қысымды болат газ құбыры дәнекерленіп, төселді. Сондай-ақ, авто-



жолдар арқылы өтетін құбыр желілері көлденең бағытталған бұрғылау (ГНБ) әдісімен төселуде. Олардың диаметрі 160 және 110 мм. Құрылыс жұмыстарына 60 адам, 5 техника және 4 компрессор жұмылдырылған. Нысанды аяқтау мерзімі – 2025 жылдың 4-тоқсаны.

Ал, 5-іске қосу кешеніне диаметрі 530 және 325 мм жоғары қысымды газ құбырынан 9,8 шақырым тартылды. «Ескі әуежай» ауданында 43 көшеде 84 шақырым газ тарату желісі монтаждалды. Құрылыс жұмыстарында 60 адам, 6 техника бірлігі және 6 компрессор бар.

Инженер-техник Рақымжан Мутановтың айтуынша, күнделікті жұмыс басталар алдында барлық жұмысшыларға қауіпсіздік ережелері бойынша нұсқаулық өткізіледі. Әр қызметкерге жеке қорғаныс киімдері, қолғап және қорғаныш бас киімі беріледі.

Инженер-техник жобаны осы жылдың соңына дейін аяқтау көзделуде екенін жеткізді. Алайда, негізгі қиындықтар қаржы-

ландыру мәселесіне байланысты екен.

Сондай-ақ, алтыншы іске қосу кешеніндегі «Күнгей», «Таутұл» ықшамаудандарында диаметрі 219 мм және 426 мм болат жоғары қысымды газ құбырлары дәнекерленіп, 5 500 шақырымға төселді. «Күнгей» ықшамауданында абоненттер санының артуына байланысты жобалық-сметалық құжаттама түзетіліп жатқанын айта кеткен жөн. Кешенің аяқталу мерзімі жобалық-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілген соң белгілі болады.

– Федоров ықшамауданы, «Таутұл», «Күнгей» ықшамауданы газдандыру жұмыстары Төттімбет көшесінен Бұқар жырау көшесіне дейін жалғасады. Қазіргі таңда 2 шақырымға газ құбырлары салынды. Құбырдың түсі – сары, және бұл түс тек танымдық мақсатта таңдалған: бүкіл әлемде газ құбырлары сары түспен боялады. Алдағы уақытта орындалатын жұмыстардың бірі – газ құбырларын 2 рет қаптап, сары түсті бояумен сырлап шығу, – деп қазіргі жү-

мыс барысымен бөлісті Қарағанды қаласы құрылыс бөлімінің басшысы Мұрат Камалиев.

Фёдоров ықшамауданында, Кузнецкий көшесінде құбырлар орташа қысымда көлбеу бұрғылау әдісімен төселуде. Нысанды биылдың қазан айында тапсыру жоспарлануда. Ал, жұмыстар 2024 жылы басталған. Мұнда газды шамамен екі мың абонент күтіп отыр.

Алдағы уақытта қала тұрғындары қала әкімдігіне үйге газ тарту бойынша өтініш жазып, құжаттар тізімін өткізу арқылы үйлеріне газ жеткізе алады. Техникалық шарттарды алу үшін «QazaqGazAimaq» мекемесіне хабарласуға болады. Қарағанды облысының тұрғын үй қорын жаңғырту орталығына тапсыру керек құжаттар тізімінде үйге құқық беретін құжаттар, техникалық паспорт, жер актісі, жеке неснелік есеп, техникалық шарттар, жеке куәлік, мердігердің коммерциялық ұсынысы бар.

Мамандар газ тарту үдерісі жеңілдетіліп, тариф қолжетімді бола түскенін жеткізді. Қазіргі таңда газға қосылу рәсімі барынша жеңілдетілген. Бүгінгі күні құжаттарды тапсыру процесі небәрі екі сағат уақыт алады. Ал, мақұлдау құжаттар тапсырылған бойда автоматты түрде жүзеге асады. Бұл тұрғындар үшін уақыт пен ресурсты үнемдеуге мүмкіндік.

Газдандыру жұмыстары жыл сайын қарқын алып келеді. 2023 жылы 300 үйге газ тартылса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 400-ге жеткен. Биылдың соңына дейін 500-ге жуық үйді газбен қамтамасыз ету жоспарланған. Бұл – тұрғындарды жылумен үздіксіз қамтамасыз етудің, инфрақұрылымды дамытудың және экологиялық жағдайды жақсартудың нақты көрінісі.

Биыл «Күнгей» ықшамауданында, Кіріпшізауыттан бастап, «Глобал Сити» сауда орталығына дейін құбыр тартылып қойған. Алдағы уақытта газды қолданысқа беру жоспарланып отыр.

Михайлов ықшамауданының тұрғыны, Гүлзия Бошанованың айтуынша, газ тар-

тылғалы тұрмыстары біршама жеңілдеп, өмір сүру сапасы артқан. Бұрын үйді көмірмен жылытып, оны тасып жағуға көп уақыт пен күш кететін. Ал, қазір табиғи газдың қосылуы арқасында бұл процесс едәуір жеңілдеген.

– Газ кіргілі жағдайымыз жақсарып қалды. Бұрын көмір жағатынбыз, қазір газ кіріп, жұмыс жеңілдеп, уақыт та үнемделді. Екі баламен көмір тасып қиналатын едік, газ кірген соң жұмыстарымыз жылдам аяқталатын болды. Бір жылда көгілдір отынға 76 000 теңге жұмсалды. Бұл тонна-тонна көмірге қарағанда әлдеқайда арзанырақ. Ауданда газға қосылмай қалған 3-4 ғана үй қалды, – деді Гүлзия Бошанова.

Қала маңындағы көптеген тұрғын үйлер бұрын тек көмір жағып келген. Бұл қыстың күні қиындық туғызатын: көмірді сатып алу, оны сақтау, күн сайын жағу – бәрі де тұрғындар үшін ауыр жұмыс еді. Енді газ тартылған соң мәселе біртіндеп шешімін табады.

Орта есеппен бір отбасы көмірге жылына 120-150 мың теңге жұмсайтын болса, газға қосылу арқылы бұл шығын 70-80 мың теңгеге дейін қысқарған. Сонымен қатар, экологиялық тұрғыдан да бұл әлдеқайда тиімді. Ауаға шығатын зиянды қалдық азайып, қоршаған ортаға түсетін салмақ кеміді.

Сая СЕРІКБАЙ, Арайлым ШОҚПАРОВА, Қарағанды зерттеу университетінің II курс студенттері

Сурет автордан

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Дәрігерлік – жанның қалауы»

Мамырдан бері жедел жәрдем қызметі өзгеріске ұшырап, жаңа тәртіппен жұмыс істеп жатыр. Ауыр емес жағдайларға жедел жәрдем емес, емханаларда жасақталған мобильдік бригадалар барып жүр. Десе де, түнгі уақытта және демалыс күндердегі шақыртулар бұрынғыдай жедел жәрдемге түседі. Қазірдің өзінде мамандар салалық қызметке түскен жүктемені сезінуде. Бұл жедел жәрдем қызметіне қалай әсер етеді, саланың бүгінгі жай-күй қандай, болашақта неңдей өзгеріс күтіп тұр? Осы және басқа да мәселелер турасында облыстық жедел медициналық көмек станциясының директоры Жанат Елубаевпен сұхбаттастық.

– Жанат Қуандықұлы, алғашқы сұрағымыз аталған өзгерістерге байланысты болмақ. Бұл жедел жәрдем қызметіне қалай әсер етеді?

– Мамыр айына дейін аса шұғыл деген үш категорияға қызмет жасадық. Министрлік бұйрығымен өзгеріс енгізіліп, төртінші категорияны да бізге берді. Бұл – қатты ауыр емес жағдайлармен байланысты шақыртулар. Күндіз емханалардың мобильдік бригадалары өздері алады, түнгі уақытта және демалыс күндері біз аламыз. Емхана мен үйінің арасы бес аттам жер болса да, жедел жәрдем шықаратындар жетеді. Соған жедел жәрдем барады. Ол уақытта басқа біреуге шұғыл көмек керек болуы мүмкін. Халық арасында негізсіз шақыртулар әлі де азаймай тұр. Мұрыны канады, құлағы, іші ауырып тұр, температура – жедел жәрдем емес, емханалардың мобильдік бригадасын шақыратын себеп.

– Жедел жәрдем қызметі үшін бірінші кезекте шақыртуларға қандай жағдайлар себеп болады?

– Бұрыннан қалыптасқан категорияларға сәйкес 10 минут – бірінші, 15 минут – екінші және 30 минут – үшінші санаттағы шақыртулар үшін көзделген. Емханалардың мобильдік бригадасының шақыртуға келу уақыты – 60 минутқа дейін.

Республика бойынша жеделділік нормалары бар. Осы нормаларға сай келуі керек. Бірақ, біздің облыс қалыс қалып жатады. Кейбір облыстар шағын, жинақы орналасқан болса, біздің облыс аумағы ауқымды. 40 минуттың ішінде барып келу мүмкін емес. Қыс мезгілінде тіптен қиын. Біздің жедел жәрдем қызметкерлері 50-550 шақырым аралығында қызмет көрсетеді. Елдімекендердің орналасуы да айтарлықтай кедергі. Мәселен, Бұқар жырау ауданының көптеген ауылдары Теміртауға жақын. Ол жерлерден шақырту түссе, біз Бұқар жырау ауданы орталығынан көлік жіберуіміз керек. Ол қаншама уақыт алады. Сондықтан, біз Теміртау қаласының жедел жәрдем қызметін қосамыз. Облыс бойынша 83 бригада бар. Соларды қалалық әкімдік жанында оперативті бөлім өзара реттейді. Шақырту қайдан түсті, ол жерге қандай көлік жақын, қанша уақытта жете алады? Бәрін қарап тиісті көлікті жібереді. Проблеманы осылай ғана шеше аламыз. Көлік жетіспейді, маман тапшы. Қазірдің өзінде 100-ден аса маман болуы керек десек, 50-і ғана жұмыс істейді.

– Тапшылық неден? Бұл мәселені қалай шешпексіздер?

– Медицина университетін 6 жыл оқыған студент жалпы практика дәрігері болып шығады, жедел жәрдем қызметіне келуі үшін



тағы 3 жыл резидентура оқуы тиіс. Оған ешкім барғысы келмейді. Кеңес одағындағы жүйеде резидентура деген болған жоқ. 6 жыл оқиды, таңдаған мамандығы бойынша бір жыл интернатурада оқиды, болды. Қаласа, кейін 4 айлық қайта мамандандыру курстарын оқып, бағытын өзгерте алады. Қазір олай емес, білім жүйесі бұзылды. 9 жыл оқығаннан ғалым болып кеткен ешкім жоқ, ашығын айтсақ. Алты жыл оқыса да, тоғыз жыл оқыса да, сол жұмыс, сол оталар жасайтыны. Бірақ, олар уақыт жоғалтады, біз маман жоғалтамыз. Білім беру жүйесі өзгермей, кадр тапшылығы жойылмайды. Ешкімді қазір мәжбүрлей алмайсың. Студенттер бағытын таңдағанда есептеп барады. Оқулист, лор, стоматолог секілді бір жерде отыратын мамандықтарды таңдайды. Хирургия, жедел жәрдем дегендерге ешкім бармайды. Кезіндегі біз сияқты біреуге пайдам тисін деген ұстаныммен баратындар санаулы. Дәрігерлік – ішкі жан дүниесінен шығады. 10 тенге, 100 тенге төлесе де, жүрек қалауымен істейтін адамдар бар. Себебі, ол оған ұнайды. Десе де, ықыластылар аз. Мұны 12 жыл университет кафедрасында сабақ берген тәжірибемен түйгенімді айтып отырмын.

Қазір облыс көлемінде 800-ден астам фельдшер бар. Төртінші санатты қосқаннан бері жүктеме көбейді. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда жүктеме артық. Мамандар тарапынан жалақыға, жұмыс жағдайына шағымдар да көбеюі мүмкін. Еңбекақыны көтеру біздің қолымызда емес, ол облыстың да

құзыретінде емес. Оны министрлік шешеді. Бір күн істеп, үш күн демалатыны ғана оларға артықшылық. Бос кезде басқа жұмыс істеуіне мүмкіндік бар. Сол үшін келеді. Өзгеріс енгізгеннен кейін қосымша 16 бригада ашылсын деген тапсырма бар. Оған кем дегенде 200 қызметкер қабылдануы керек.

– Жедел жәрдемді көбісі «мәзсіз жұмыс» деп қашатын шығар? Бұл қызметке әдетте халықтың шағымы да көп қой.

– Шағым қазір азайды. Негізгісі сол, «кешігіп келді», «аяқтарын

шешкен жоқ», «дөрежелік көрсетті» сынайда. Бұйрық бойынша жедел жәрдем қызметкерлері аяқ киімдерін шешуге міндетті емес. Бұл туралы біз әлеуметтік желілерде де үнемі айтамыз. Алайда, арасында шынымен де, өздерін дөрекі ұстайтын, баса-көктеп кететін қызметкерлер кездеседі. Адам болған соң мінездері әр түрлі. Өздерін ұстау, этика сақтау бойынша дәрістер өтеді, дисциплиналық кеңес бар. Кез келген мәселені қарайды. Мониторинг күнде жасалады. Өзіміз де дәрігерміз, наукас дәрігерді көргенде көмек, біл жылылық күтеді. Жас мамандарға осыны түсіндіреміз.

– Саланы не өзгерістер күтеді? Облыстың жедел жәрдем қызметі жаңғыратын күн жақын ба?

– Биыл бірқатар өзгерістер жоспарланған. Облыс әкімдігінің қолдауымен арнайы автокөлік паркін жаңартамыз. 113 автокөлікке сұраныс берілді. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мырза қолдап отыр. Қазіргі қолданыстағы көліктер осыдан 4 жыл бұрын алынған десек те, оның 70 пайызы тозды. Жөндеумен келе жатқан көліктер.

– Санитариялық авиацияда да жанара ма?

– Қазір бір-бірден ұшақ пен тікұшақ, арнайы көліктер бар. Төрт автокөлікке тапсырыс берілді. Оның біреуі – «Ford» арнайы ав-

уі – лауазымды тұлғалардың көр-тежіне ілесіп жүретін арнайы медициналық көлік. Біздің газельдер олардан қалып қоятыны рас. Сол үшін «Toyota» маркалы автокөлікке сұраныс беріп отырмыз. Сонда барлығы 117 көлік берілуі тиіс.

– Жаңа шағын станция салу жоспары жоқ па?

– Ондай жоспар бар. Қала өсіп келе жатыр. Әсіресе, Оңтүстік-Шығыс ауданының халқы көбейсе. Сол жаққа жаңа шағын станция салу туралы ұсыныс айттық. Қазір бұл ауданда 12 бригада бар. Олар отырған ғимарат бұрынғы емхана, ешқандай талаптарға сәйкес келмейді. Бригадалар саны артса, сыймайды да. Екінші жағынан дәрігерлердің арасында демалып, жуынып, тамақ ішетін орындары болуы керек. Оған мүмкіндік жоқ қазір. Оңтүстік-Шығыста салынса, ол осы ауданнан басқа, Майкұдыкқа да бара алады.

Топар мен Саран қалаларында модульдік шағын станция салу туралы бастама да қолдау тапты. Қазір олар басқа ғимарат ішінде қосалқы бөлмелерінде отыр. Құжаттары дайын, құрылыс биыл басталса, жыл соңына дейін бітеді. Жалпы, Майкұдық пен Сұрыптауда жаңадан салынған шағын станция ғана талаптарға сәйкес келуі мүмкін, басқаларында жағдай жоқ. Көліктерге гараж, адамдар-

дың бар екенін айтқым келеді. Аймақ басшысы біздің барлық ұсыныстарды қарастыратынын айтты.

– Кейінгі кездері фельдшерлерге қол көтеру фактілерінің жиілегені жасырын емес. Оған себеп не? Халықтың мәдениетінің төмендігі ме, әлде аталған қызметті көрсететін мамандардың айыбы бар ма? Қалай ойлайсыз?

– Былтыр ақпанда Теміртауда фельдшерлерге қол көтеру орын алды. Соккы жасаған ол екеуі де бес жылға сотталып кетті. Алдында жедел жәрдем көлігінің жүргізушісін ұру фактісі қоғамда қызу талқыланғанын білесіз. Ол да істі болып кетті. Жақында да бір жағдай орын алды. Шақыртуға барған дәрігер наукастың қайтыс болғанын айтқанда, баласы «Неге көмек көрсетпейсің?» деп жұдырық жұмсапты. Бірақ, фельдшердің өзі полицияға арыз жазған жоқ. Негізі, қол көтеру фактілері қаладан тыс жерлерде жиі.

Сондықтан, жедел жәрдем қызметкерлері барлық шақыртуға міндетті түрде аудиожазба жасайды, көліктердің барлығында бейнекамералар орнатылған. Кез келген жағдайда сол жазбалар арқылы ақ-қарасы анықталып, қателік қай тараптан кеткені анықталады.

– Жолдағы мәдениет те осы сұрақтың заңды жалғасындай...

– Жол бермейтін көліктер де камера арқылы анықталып, тиісті әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Мұндай жағдайлар да өкінішке қарай, көп кездеседі. Жедел жәрдем көлігінің арнайы дабыл белгісін қосып, қызыл бағдаршамнан өту жағдайлары да жіті тексеріледі. Бізге айыпшұл келгенде ол көлік жүргізушінің әрекеті орынды ма, әлде асыра сілтеу ме, анықтаймыз. Әр шақырту сайын шақырту картасы жасалады. Онда қоңырау шалу уақыты, себебі, қандай санатқа жататыны бәрі жазылады. Бірінші, екінші, үшінші санаттағы шақыртуға жатса, оның әрекеті орынды екенін дәлелдеп береміз.

– Осы жағдайлар дәрігер мәртебесінің төмендігінің көрінісі сияқты емес пе?

– Дәрігердің бүгінгі күні мәртебесі жоқ. Бізде пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметі бар. Шағымданған адамға айтар жауап дайын – «дәрігерге шара қолдандық, сіз шағымыңызды қайтып алыңыз, әрі қарай бармаңыз» деп жылы жауып қояды. Сосын кез келген адам дәрігерді басынады. «Ауруханаға жатқызыл деп, шулаттым, жатқызды» деп бір-біріне айтады. Кейін басқа адам да «шулатса» болды екен деп, баса көктеп келеді. Қазіргі қоғамның «шүйіретіні» – дәрігер, мұғалім, полиция қызметкерлері. Қадір-қасиет, құн содан жоғалады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalıq Qazaqstan»

Суреттер облыстық жедел медициналық көмек станциясынан



• МАРАПАТ

Денсаулық сақшысының салтанаты

Теміртау қаласының бір топ медицина қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекесі қарсаңында құрмет көріп, алғыс алды. Айта кету керек, қаладағы медицина саласы да биыл құрылғанына 80 жыл толған құрышшылар мекенімен бірге дамып, өркендеп келеді. Қазір мұнда 10 емдеу мекемесі бар. Соңғы жылдары жанадан тағы 3 емхана ашылып, олардың саны алтау болды. Теміртау қалалық көпсалалы ауруханасының базасында жүрек ауруларына шалдыққан науқастарға шұғыл және жоспарлы медициналық көмек көрсететін жаңа кардиологиялық орталықтың құрылысы аяқталды. Бұл өз кезегінде жедел миокард инфарктінен болатын өлім-жітімді азайтып, науқастардың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalıq Qazaqstan»

Қалада дәрігер кадрларын жұмысқа тартып, тұрақтандыру мақсатында 86 пәтерлі «Дәрігерлер үйі» салынып, қала әкімдігі жыл сайын медицина ұйымдарының қызметкерлеріне қызметтік пәтерлер бөлумен келеді. Ал, кәсіби мерекесінде адам жанының арапасы болып жүрген ақ халатты абзал жандарды қала әкімі тарапынан ардақтап, марапаттаудың дәстүрге айналғанына да 15 жыл толып отыр.

Міне, осы салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде Теміртау қаласы-

ның әкімі Ғалым Әшімов:

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Қоғамымыз дәрігер парызының ерекше мән-маңызына күн өткен сайын көз жеткізуде. Мемлекет медицина қызметкерлеріне жан-жақты қолдау көрсетіп, денсаулық саласын дамытуға баса назар аударады. Ұлт саулығы – Жаңа Қазақстанды құру жолындағы мемлекеттік саясатымыздың аса маңызды бағыты» деп атап өткендей, әлемдегі ең бір ардақты да құрметті мамандықтың бірі – дәрігер. Оларды құрметтеу



– әрбіріміздің азаматтық борышымыз. Ауырсақ, сырқаттансақ, бірден осы адамдарға жүгіреміз. Күн демей, түн демей, қажет кезде жанымыздан табылатын сіздерге басымызды иіп, алдағы кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! – деп, қала тұрғындарының денсаулығын сақтау ісінде үлкен нәтижелерге қол жеткізген үздік медицина қызметкерлерін марапаттауға көшті.

Бұл күні қала әкімінің Құрмет төс белгісі 4-емхананың акушер-гинекологі Ұлжан Шайхиеваға беріліп, «Таңдаулы педиатр» аталымында Теміртау қаласы Ана мен бала медициналық орталығының бөлімше меңгерушісі Валентина Бондаренко, «Таңдаулы учаскелік дәрігер» аталымында қалалық орталық емханасының жалпы практика дәрігері Юлия Кубашева, «Үздік хирург»

аталымында қалалық көпсалалы аурухана жаракат бөлімінің меңгерушісі Беслан Мусаев, «Таңдаулы маман дәрігер» аталымында қалалық көпсалалы аурухананың сәулелі диагностика бөлімінің меңгерушісі Анна Солянова, «Мамандыққа адалдығы үшін» аталымында қалалық №2-емхананың рентгенолог-дәрігері Роза Ибраева да Теміртау қаласы әкімінің төс белгісін алды.

Бұдан кейін қалалық мәслихаттың төрағасы Алексей Ломакин теміртаулық дәрігерлерді құттықтап, Теміртау қаласының Құрмет грамотасын бірнеше адам иеленді. Бұлардың қатарында №4-қалалық емхананың реабилитолог-дәрігері Марина Нечипоренко, «Жаңа емхана» меңгерушісі Балжан Мұса, қалалық көпсалалы аурухана директорының міндетін атқарушысы Уляна Базарова, облыстық психикалық денсаулық орталығының психиатр-дәрігері Наталья Костина, қалалық Ана мен бала медициналық орталығының анестезиолог-дәрігері Вера Гааг, осы орталықтың акушеркасы Марал Төкішева, қалалық орталық емхананың терапевті Амир

Мухамедов, СПИД орталығының инфекционисі Майра Төлебаева болса, тағы біраз дәрігер қала әкімінің Алғыс хатын иеленді. Яғни, Хаді Матиева, Әсем Спанова, Надежда Никитина, Бақыт Бейсекеқызы, Валерия Аганина, Мамуржан Олдашев, Наталья Шербинина осы марапатқа лайық деп танылды.

Сондай-ақ, Қарағанды және Ұлытау облыстары денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрағасы Гүлнар Есімсейітова, Төлеуқұл Матиев, Валентина Татаренко, Елена Будылина сынды озық қызмет иелеріне сала кәсіподағының Құрмет грамоталарын, ал, Наталья Микурова, Ксения Фейлер, Лариса Мананова, Григорий Акашевқа Алғыс хаттарын табыс етті.

Мерекелік салтанат кезінде өнер көрсеткен «Глория», «Юзель» би топтарының өнерпаздары марапат алғандардың көңілдерін одан сайын көтере түсті.

ТЕМІРТАУ

*Сурет
ұйымдастырушылардан*

Ауыл халқына айрықша тарту

Медицина қызметкерлері күні қарсаңында Бұқар жырау және Шет аудандарының төрт ауылында заманауи медициналық нысандар ашылды. Фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункт Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында бой көтерді. Жобаға сәйкес келесі жылға дейін 92 медициналық нысанның құрылысы жоспарланған. Соның ішінде, 11 дәрігерлік амбулатория, 34 фельдшерлік-акушерлік пункт және 47 медициналық пункт бар. Денсаулық сақтау басқармасының дерегінше, екі жылда 26 нысан іске қосылды. Бұл ондаған мың ауыл тұрғынының медициналық қызметке қолжетімділігін арттырды.



Коллаж жасаған Арайлым Коктева

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұқар жырау ауданының Сарыарқа және Құрылыс ауылдарында екі жаңа фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы аяқталып, халық игілігіне берілді. Жаңа нысандарды облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аралады. Ол ауылдық медицинаны дамыту мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі екенін және Президенттің тапсырмасы бойынша «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жоспарланған жобалардың жүзеге асатынын атап өтті.

– Біз ауылдық жерлердегі өмір сүру сапасын жақсарту бойынша жұмысты дәйекті түрде жалғастырамыз. Медициналық инфрақұрылымға ерекше назар аударылады. Жаңа медициналық нысандар салынып, санитарлық көлік қамтамасыз етілуде, сондай-ақ, кадрлар тартылуда. Мұның бәрі біздің азаматтардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған, – делі Ермағанбет Бөлекпаев.

Екі нысан Үштөбе ауылдық округінің мыңнан астам тұрғынын базалық медициналық көмекпен қамтамасыз етті. Медициналық көмектің қадамдық қолжетімділігінің арқасында ауыл тұрғындары енді дәрігерлердің келесін алу үшін аудан орталығына бармайды.

Жаңа ғимараттар кең және заманауи стандарттарға толық бейімделген. Олардың әрқайсысында дәрігерге дейінгі, ем-

шара және егу кабинеттері қарастырылған. Мүгедектігі бар адамдар үшін пандустар, шақыру түймелері және қозғалыс индикаторлары орнатылған.

– Мен Сарыарқа ауылына Қарағандыдан келдім, – дейді медбике Береке Болат. – Ауыл тұрғындарының денсаулығын сақтауға көмектесемін. Мұнда заманауи кабинеттер мен жабдықтар бар. Тұрғындар тағайындалған ем ала алатын жақсы физиокабинет те іске қосылды. Дәрігерлік қабылдау да қарастырылған, оның ішінде бейінді мамандар да бар.

Бұған дейін мамандар Сарыарқа ауылының 900-ге жуық адамын бейімделген үй-жайларда қабылдауға мәжбүр еді. Енді ауыл тұрғындары медициналық көмекті барлық талаптарға сай жабдықталған жаңа мекемелерде алады.

Дәл сондай мүмкіндік Шет ауданының Қызылқой және Ақсу ауылдарының тұрғындарына да жасалып отыр. Екі елдімекенде де 200-ден астам халық тұрады. Медициналық нысан ашылғанға дейін олар медициналық көмекті талаптарға сай келмейтін үй-жайларда алып келген болатын.

Жаңа медициналық нысандардың жұмысы жергілікті тұрғындардың денсаулығын жақсартуға ғана емес, ауылдық жерлерде жұмыс істеуге дайын жас мамандар үшін де оң ықпал етеді.

Денсаулық сақтау басқармасы мамандарын Ақсу мен Құрылыс ауылдарында салынып пункттердің ерекше маңызды екенін алға тартады. Себебі, ол жерлерде

бұрын медициналық нысан болмаған.

Қазіргі уақытта 66 нысанның құрылысы жүріп жатыр. Оның 15-і өткен айда аяқталды. Қалған 51 нысанның құрылысын күзге дейін аяқтау жоспарланған. Нәтижесінде барлық ауылдық жерлердегі медициналық нысандардың 52%-ы жаңғыртылады деп күтіледі.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы аясында Балқаш және Теміртау қалаларында екі көпсалалы аурухананы қайта құрылатынын да айта кету ләзім. Өткен жылы Теміртау қаласында ангиографиялық операция бөлмесіне арналған қосымша құрылыстың құрылысы аяқталса, Балқашта бұл жұмыс жалғасып жатыр. Жыл соңына дейін аталған екі қалада кардиологиялық, хирургиялық, травматологиялық және оңалту бөлімшелері бар екі заманауи ауданаралық аурухана ашылады. Олардың жұмысын қамтамасыз ету үшін қосымша 40 дәрігер тартылады. Бұл – жаңа жұмыс орындары. Ауданаралық ауруханалардың мүмкіндігін еселеу үшін биыл магниторезонансты томограф, ангиограф және 2 компьютерлік томограф сатып алынады деп жоспарланған. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасының мақсаты – ауылдық жерлерде медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру. Бой көтеріп жатқан жаңа нысандар бізді бұл мақсатқа бір табан жақындатады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ӘСКЕРИ МЕДИЦИНА

Шептегі шипагер

Адам өміріне араша болу оңай емес. Медицина бұл тұрғыда өзін таңдап келген жас маманға зор жауапкершілік жүктейді. Өз өмірін өзгенің денсаулығына арнаған жандар кәсіби шеберлігі мен жанкештілігінің арқасында екі дүниенің арпалысына түскен жанның өшкен үмітін қайта тұтатады.

Медицинаның сан саласында әскери медицинаны таңдап, «дәрігер» мәртебесін алу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Бала арманын шындыққа айналдырып, бүгінде әскери медицинаның алдыңғы шебінде қызмет етіп жүрген «Орталық» өңірлік қолбасшылығы медицина басқармасының басшысы, лейтенант Зульфия Жетпісбаеваның қызметі көпке үлгі.



Аяулым COBET,
«Ortalyq Qazaqstan»

Зульфия бала кезден адамдарға көмектесуге әзір тұратын елгезектігімен ерекшеленіпті. Ақ халат киген дәрігерлерге де қызығатын. Уақыт өте келе, бұл арманы оның өмірлік мақсатына айналды. Күрделі әрі жауапты мамандықты таңдай отырып, ол жай ғана дәрігер болуды емес, әскери салада қызмет етуді де місе тұтты. Оған қоса Отан алдындағы борышты өтеу – ерекше ұстанымдарының бірі.

– Осакаров ауданындағы Садовое ауылында дүниеге келдім. Балалық шағым ата-анам, әпкелерім мен інілерім, әжем мен достарымның ортасында шаттыққа толы өтті. Өкенің, анамның мейіріміне, махаббатына бөлініп, еңбеккер әрі тәрбиелі болып өстім.

Бала кезден дәрігер болуды армандадым. Анам әкеліп берген медициналық ойыншықтар мен энциклопе-

баздың денсаулығы мен жауынгерлік қабілетін қадағалаушы. Алғашқы көмек көрсетудің шебері бола жүріп, санитарлық қауіпсіздікке де жауапты. Жарақат алған сарбазға жедел көмек көрсету – күнделікті жұмысымның бір бөлігі. Оған қоса, қызмет күн сайын жаңаша оқиғаларға толы. Бұл сала маған тәртіп, стратегиялық ойлау, командамен жұмыс істеудің маңыздылығын үйретті. Жай күндері де, төтенше жағдайларда да бірлік пен ұйымшылдықтың құндылығын түсінуге мүмкіндік берді, – дейді ол.

Әскери қызметте жүріп, Зульфия Нұрмұханқызы отбасын жиі көре бермейді. Дегенмен, қызметі арқылы тек жетістік пен жеңіс емес, сонымен қатар, тәуекел мен жауапкершілікті де ескеру керек екенін түсінгенін айтады.

– Әскери медицина – бұл тек мамандық емес, бұл – миссия. Осы жолды таңдап келгендердің жүйкесі төзімді болғаны жөн. Шұғыл әрі дұрыс шешім қабылдауды үйренуі керек. Басты



диялар арқылы ақ халатты жандардың өмірімен жастайымнан таныстым. Бұл қызығушылық мені мектеп қабырғасында одан әрі жігерлендірді. Сүйікті пәнім алгебра болса да, жүрегім әрқашан медицинаға жақын болды. Мектептен алған білім мен рухани тәрбие алға жетелеп, Астана медициналық университетіне оқуға түстім, – дейді Зульфия Нұрмұханқызы.

Оқу орнын бітірген Зульфия мамандығы бойынша жұмыс істеп жүріп, жауапкершілігі жоғары әрі білікті маман болғандықтан әскери салаға шақырту алған. Оның айтуынша, «Дәрігерлік тек оқумен ғана шектелмейді, дәрігер болу – ол да бір өнер».

– Көпшілік үшін әскери дәрігер – сар-

құндылықтар – адам денсаулығына қамқорлық, оның қадір-қасиетін құрметтеу және кәсіби этиканы сақтау. Бұл қағидалар сапалы медициналық көмектің, дәрігер мен науқас арасындағы сенімді қарым-қатынастың негізі, – дейді әскери дәрігер.

Бүгінде Зульфия Нұрмұханқызы бала арманының жетегінде жүріп, үлкен мақсаттарға жетті. Мықты ерік-жігерді шындап, абыройлы міндетті адал да асқан жауапкершілікпен өтеуде. Жас маман ретінде тек әскери медицина саласында емес, арманына ұмтылған кез келген жасқа үлгі болған Зульфияға қашанда ел қорғаны болу сезімін аркалап жүру – зор жауапкершілік.

Сурет автордан

• МАМАНДЫҚҚА АДАЛДЫҚ

Кіндік шеше

«Өмірде ең қиыны – мамандық пен болашақ өмірлік жар таңдау» деген сөз бар. Неге екенін тәптіштеп жату артық болар. Бүгінгі қалам тартқалы отырған кейіпкеріміз осы екі таңдауда аласпай, мәнді-мағыналы өмір сүріп, еліне қалтқысыз қызмет еткен жан. Ол – 23 жыл өмірін медицина саласына арнаған білікті маман, фельдшер-акушер Гүлсім Әнуарбекқызы Рыспаева. Кейіпкерімізбен тілдесіп, қызығы мен шыжығы мол жұмысы, отбасылық өмірі хақында кеңірек білу үшін арнайылап Нұра ауданы, Ақмешіт ауылына ат басын тіредік.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Гүлсім Әнуарбекқызы – 1953 жылдың 19 ақпанында Бұқар жырау ауданы, қазіргі Ақтөбе ауылында туған. Үйде 5 бала, 3 қыз және 2 ұл. Қыздардың кенжесі, бесеудің үшіншісі.

– Әкемнің қарындасында бала болмай, мені сол кісіге беріпті. Бір жасымнан металлургтер астанасы Теміртауда өстім. Қазір Бұқар жырау ауданы, Ақтөбе ауылында туыстарым тұрады. 10 жылдық мектепті Теміртауда орыс сыныбында бітірдім. 1972 жылы Теміртаудағы медициналық училищеге түсіп, ойдағыдай аяқтадым. Ұстаздарым сапалы білім берді. Олар өз ісінің шебері болды. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, олар мені мамандықты суюге, адал қызмет етуге, қандай қиындық болса да, тайсалмай, дәрігердің антына адал болуға бауылды. Алдымен, адам қылып тәрбиелеп, сосын мамандығымды терең меңгертті. Сондықтан болар, мен мамандығымды сүйдім. Жұмысқа тұрғанша асықтығым, – деп еске алады Гүлсім Әнуарбекқызы.

Кейіпкеріміз 1975 жылы фельдшер-акушер атанып, жолдамамен Нұра ауданына келеді. Бас дәрігер Зекең Қайырбеков: «Донской совхозына барасың ба, әлде, Нұра совхозына ма?» – деп сұрағанда, Нұра

совхозын таңдаған Гүлсім Әнуарбекқызы онда болашақ жарын кездестіретінін ойламапты да. Адамның өмірі небір тосынсығға толы ғой. Нұра совхозында бес ай жұмыс істейді.

– Ешкімді танымаймын, онда туыстарым жоқ. Нахан Әлібеков деген совхоз директоры қарсы алып, Таңатар Отарбаев атты ауыл азаматының үйінен баспана тауып беріп, бес айдай сонда тұруыма мұрындаулық болды. Бес айдан кейін 29 тамызда тұрмысқа шықтым. Кейін Нұра ауданы Амантау совхозында 1 қыркүйектен бастап, бақандай алты жыл фельдшер болып жұмыс істедім. Бұл менің өмірімдегі қызығы мен шыжығы көп жылдар еді, – дейді ол.

Өйткені, қыста ауруханаға бару – қиынның қиыны болыпты. Жедел жәрдем келе алмайды екен. Кейіпкеріміз қыс қатты болып, қар тізеден жоғары жауатынын күрсіне еске алады.

– Жолдар тас жабық. Сазға түссең, құрығаның. Совхоз аумағында 26 қыстақ бар. Оларда қойшылар отбасымен тұрып, колхоздың қойына қарайды. Сол кездің келіндері де ылғи қыста босанатын. Жаз болса, жеңіл ғой. Қыстың күні қойшылардың қыстағына жету – өте қиын. Осы кезде біздің жанымызды сақтап, тығырықтан шығаратын «К-700» тракторы. Бұл манайдың қалың қарында сол ғана жүре алатын. Күн, түн демей кез келген уақытта «К-700»-



ге отырып алып, тартып кетеміз. Үйде босандыру сәнге айналды. Бойымыз үйренді. Сонда ұстаздарымның маған берген сапалы біліміне іштей риза болып, оңаша қалғанда егіліп жылап алатынымын. Себебі, үйде босандыру – қиын. Қыстақта жалғыз қос. Ешқандай жағдай жоқ. Боран болса, толғақ қысқан сайын, қиналған сайын үре түседі, аязмен бүре түседі. Қазіргідей бір рет пайдаланатын ине жоқ. Комплект иненің бәрін өзім қайнатамын. Барлық керек-жарағымды дайындап, іске кірісемін. Босандырып алған соң, желкемен жүк түскендей жеңілдеп қаламын. Талықсыз ұйықтап кететін кездер де болды.

Бірде, шамамен түнгі 2:00-де 40 шақырым жердегі қыстаққа жолға шығып, көлік сынып, жолда қалғанбыз. Таң сыз бере арамыздан біреуін ауылға жібердік. 6:00-

де көмек келді. Екінші «К-700»-бен барып, аман-есен босандырып алдым. Бұл түн менің есімде мәңгілікке сақталады, – деп еске алады Гүлсім Әнуарбекқызы.

Бір айта кетері, Мұқан Смағұлов есімді совхоз директоры көлікпен қамтамасыз етіп, бас-көз болыпты. Кейіпкеріміздің кәсібилігі сол, 26 қыстақтағы әйелдердің босанатын уақытын жобалап жаттап алады екен. Ауыра қалса, жетіп барады. Тексеруге айналып соғып отырады. Жұмысын сүйгендігі соншалық, бірде-бір рет суретке түспепті. Оны ойламаған да. Студент кезінен ғана бірнеше сурет сақталыпты.

Ал, кейіпкеріміздің өмірлік жолдасы Думан Өмірқожаұлы Гүлсім Әнуарбекқызымен танысқанын былай еске алады.

– Сырттай оқимын. Амантауда дене шынықтыру пәнінің мұғалімімін. Қарағандыға

6-7 жігіт күрестен жарысқа кетіп бара жаттық. Нұраның автобусында ақ пальто киген бір ару көзіме оттай басылды. Бұрыннан танытын сияқты жанымға жақын. Есімі Гүлсім екен. Нұра совхозында 5 сәуірден жұмысқа кірісетінін айтты. Өзі бұйра шашты, ұзын бойлы, аққұба сұлу еді. Білімді әрі ақылды. Оның үстіне, қалада өскен орысша араластырып сөйлейді. Артық қылығы жоқ. Бірден баурап алды. Жарым болатынын іштей сездім. Сессия басталған соң Гоголь көшесі 38 үйден күнде Нұраның автобусынан Гүлсімге бір құшақ гүл жіберіп отырдым. 45 күн бойы Гүлсімге гүл барып тұрды. Күн-де сағат 15:00-де Виталик, Максим деген шопырлар кезекпен гүл жеткізеді. Осылай жүрегің жаулап, жер еттім, – дейді мемлекеттік қызмет ардагері Думан Намысов.

Бүгінде кейіпкеріміз Алла берген Ерлан, Нұрлан атты екі ұлынан 10 немере сүйіп отыр. Қазыналы қарттықтын мәуелі бағын саялап, тату-тәтті ғұмыр кешуде. Немерелері де сағындырмай, келіп тұрады. Кезіндегі бейнеттің зейнетін көріп отыр.

– 1981-1987 жылдар аралығында қазіргі Жараспай ауылында медбике болдым. Кейін 1987 жылы жолдасымды бүгінгі Ақмешіт ауылына қазіргі тілмен айтқанда әкім қылып жіберді. Осындағы Ақмешіт (Бұрынғы Захаров ауруханасы) ауруханада 1993 жылға дейін жұмыс істедім. Жалпы медицина саласында 23 жыл талмай еңбек етіпшіп, айналайын. Амантауда жүргенде 26 қыстақтан 26 баланың өмірге келуіне себепші болдым, – дейді Гүлсім Әнуарбекқызы.

Нұра ауданы

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• ДЕНСАУЛЫҚ

Донорға мұқтаждық бар

Еліміздегі трансплантология саласының қазіргі жағдайын саралап, оның болашақ даму жолдары талқыланған алқалы мәслихат өтті. «Қазақстандағы ағзалық донорлықтың дамуы. Үкіметтік емес ұйымдардың ағзалық донорлықты дамытудағы ролі» тақырыбындағы ғылыми конференция Медицина қызметкерлері күні қарсаңында өзекті жайттарды ортаға салды.

Республикалық қан және тіндерді трансплантациялау ғылыми-тәжірибелік орталығының директоры Айдар Ситказинов Қазақстанда трансплантация саласының әлі де жеткілікті деңгейде дамымай жатқанын жасырмады. Сонымен қатар, бұл бағыттың адам өмірін сақтап қалудағы маңыздылығына ерекше тоқталды. Оның айтуынша, донорлық пен трансплантацияны дамыту – тек медицина саласының ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті.

Конференция аясында бүйрегі трансплантацияланған мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ержан Мұхамадиев 2008 жылы Алматы қаласында құрылған «Сенім» республикалық қоғамдық бірлестігінің мақсатына тоқталды.

– Бұл ұйым бүйрек трансплантациясынан өткен және гемодиализде жүрген науқастарға көмек көрсету мақсатында құрылған. Біз жыл сайын науқастар мен дәрігерлердің қатысуымен түрлі конференциялар мен ақпараттық іс-шаралар ұйымдастырамыз. Біздің басты мақсатымыз – денсаулық сақтау саласындағы жауаптылықты арттыру және осы салада қоғам назарын күшейту, – деді ол.

Мұнымен қоса, қатысушылар тарапынан да бірқатар сұрақтар қойылып, пікірлер ортаға салынды. Көпшілік елімізде донор болуға қатысты қоғамда қорқыныш пен сенімсіздік бар екенін, бұл мәселені кеңінен ақпараттандыру арқылы ғана шешуге болатынын жеткізді. Сонымен қатар, науқастардың дер кезінде қажетті көмекті ала алмай жататыны, донор табу қиындықтары да сөз болды.

– Мен 2011 жылдан бері гемодиализ науқасымын. Екі бүйрегім істен шыққан, қазіргі таңда бүйрек трансплантациясына мұқтаж жанмын. Қызылорда облысында бірнеше мәселе бар, соның ең маңыздыларының бірі – «күту парағы». Қазір гемодиализ қызметін жекеменшік орталықтар көрсетеді. Бірақ, бұл орталықтар бұл мәселені жеткілікті деңгейде атқармайды. Координатор-трансплантолог маман мен облыстық денсаулық сақтау басқармасы тікелей араласа алмай отыр. Соны салдарынан, көптеген науқас трансплантация кезегіне уақытылы тіркеле алмай отыр. Осы ұсынысты қатаң бақылауға алсаңыздар, – деп Қызылорда облысының тұрғыны Досбол Әбдідаев пікірін білдірді.

Сонымен қатар, ол осындай түсіндіру жұмыстарын әр қалада жиі өткізу қажеттігін де көтеріп, өз ұсынысын айтты:

– Осындай конференциялар барлық өңірде жиі ұйымдастырылып отырса, халықтың сенімі артып, қорқыныш сейілер еді. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, біз сіздермен

біргеміз! Адам өмірін сақтау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Осыны бірге жүзеге асырайық.

Бұл сауалдарға жауап ретінде Айдар Ситказинов пен Ержан Мұхамадиев трансплантология саласын дамыту үшін мемлекет, дәрігерлер және азаматтық қоғам бірігіп жұмыс істеуі қажет екенін атап өтті.

– Қоғамда донорлықты дамыту – тек бір саланың ғана емес, барша азаматтардың ортақ міндеті. Бұл жолда алғашқы бастамалар сіздерден – мемлекеттік органдар мен әкімдіктерден басталуы керек. Сондықтан, біз үкіметтік емес ұйым ретінде, қайтсе болғаннан кейінгі донорлықты дамытуда белсенді әрекет етіп келеміз. Біздің мақсат – үн қосу емес, үн бастау. Ақпарат тарату, бірлескен жиындарға, конференцияларға қатысу – біз үшін үлкен жауапкершілік әрі дайынбыз. Егер жергілікті атқарушы органдар қолдау білдірсе, біз бұл сапарды міндет деп білеміз. Бүгінге дейін 20 өңірді аралап шықтық. Кейбір аймақтарға өзім бардым, ал Атырауға арнайы әріптестеріміз аттанды. Әр өңірге өзара бөлісіп, тынымсыз еңбек етудеміз. Себебі, мен де өз жұмыс орнымнан алшақ кете алмаймын, мені де күтіп отырғандар бар. Алайда, біз бір нәрсені анық түсінеміз: егер бәріміз бірікпесек, күрделі әрі маңызды істі алға бастыру мүмкін емес. Донорлық – тек медицина емес, бұл – өмір туралы, адамгершілік пен жанашырлық туралы үлкен тақырып, – деді Айдар Ситказинов.

Олар қоғамда донорлық мәдениетін қалыптастыру, түсіндіру жұмыстарын күшейту және медициналық инфрақұрылымды жетілдіру арқылы ғана бұл саланың ілгерілетінін айтты.

Іс-шара трансплантология мәселелерін көпшілікке түсіндіруге, донор болудың маңызын насихаттауға және осы бағыттағы заңнамалық, медициналық қолдауларды жетілдіруге бағытталды. Сондықтан, мұндай іс-шаралар тек бір реттік кездесу ретінде емес, жүйелі түрде өткізіліп тұруы қажет. Әсіресе жастар арасында донорлықтың маңыздылығын түсіндіру, бұл саланың адам өмірін құтқарудағы рөлін насихаттау маңызды. Сонымен қатар, БАҚ пен әлеуметтік желілерде трансплантология туралы ашық әрі шынайы ақпарат тарату – қоғамдағы қорқыныш пен сенімсіздікті азайтып, азаматтардың бұл мәселеге деген оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Әлішер СҮЛЕЙМЕНОВ,
Қарағанды зерттеу университетінің ІІІ курс студенті

Қаланың күре тамыры



(Соны. Басы 1-бетте).

С.Мұқанов көшесінен жалпы ұзындығы 800 метр болатын «Династия» тұрғын үй кешеніне дейін асфальтбетон төсеу жұмыстары жоспарланған. Бүгінгі таңда автомобиль жолының трассасын бөлу және жер қазу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Университет көшесінен Гапеев көшесіне шығатын жаңа жол төселмек. Жаңа жолдың жалпы ұзындығы 2,4 шақырым болады. Жоба құны 4,1 млрд теңгені құрайды. Өзірге шарт жасалып жатыр.

Сарыарқа көшесінен Приканальная көшесіне баратын жол да төселмек. Жолдың жалпы ұзындығы – 1,7 шақырым. Құны – 4,2 млрд теңге. Бұл жобаның да шарттары жасалу сатысында.

Сонымен қатар, 2 учаскеде күрделі жөндеу жүріп жатыр. Тізімде Пичугин көшесінің автожолы бар. Пичугин көшесінен Терешкова көшесінің айналасына дейінгі автожол учаскесіндегі жұмыстар аяқталды. Жол ашық. Пригородная көшесіне қарай 7 магистраль учаскесінде негіз дайындау жұмыстары жүргізілуде.

Четская көшесіндегі автожолдың да күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Бұл жолдың ұзындығы

– 4,5 шақырым. Бұған 3,2 млрд теңге бөлінді. Асфальтбетон жабынын төсеу жұмыстары аяқталған. Тротуарды орнату бойынша жұмыстар жалғасуда.

Қаланың барлық аудандарында автомобиль жолдарының 86,8 шақырымы орташа жөндеуден өтпек. Соның ішінде, Н.Гоголь, Тәттімбет, Попов көшесі, Методическая көшесі және тағы да басқа қозғалыс ағыны жоғары автожолдар қамтылады. Биылғы орташа жөндеу жұмыстарына жалпы қажеттілік 16 млрд теңгені құрайды екен. Бүгінгі таңда 8 млрд теңге бөлінген. Өтпелі шарттарды аяқтауға 4 млрд теңге толық пайдаланылған.

Қазіргі уақытта өтпелі орта жөндеу шарттары бойынша Ә.Ермеков, Д.Карбышев көшесі бойындағы жаяу жүргіншілер бөлігін жөндеу және Н.Назарбаев даңғылының тротуар бөлігін ауыстыру, сонымен қатар, Михайловка ауданының жеке секторларын орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қолға алынған жаңа жобалар аясында Н.Гоголь және Штурманская көшелері, Университет көшесі бойынша Сарыарқа көшесінен В.Язев және И.Крылов көшелеріне дейінгі жолдарда жұмыстар аяқталған.

С.Мұқанов, Университет, Методическая көшелері және Федоров саяжай-

ларына апаратын автожолдарды орташа жөндеу жұмыстары жалғасуда.

– Аталған учаскелерде суағарлар орнатылып жатқанын атап өткім келеді. Осы іс-шараларды іске асыру – жол төсемінде судың жиналуын болдырмауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде асфальтбетон жабынының қызмет ету мерзімін ұзартуға ықпал етеді.

Ағымдағы жөндеуге қатысты жұмыстар 5 сәуірден басталды. Биыл жалпы көлемі 90 мың шаршы метр жолдың шұңқыры бітеледі. Сонымен қатар, ЖБИ, Күнгей, Үлкен Михайлов, Федоров аудандарының жеке секторындағы автомобиль жолдарын профильдеу және шиыршық тас төсеу жұмыстары жоспарланған, – деді Мақсат Мұқашев.

Халықтың саны және әлеуеті артқан сайын шаһарда көліктер саны көбейе беретіні анық. Оның үстіне, бұл күнде жаңа көлік сатып алуға мүмкіндік мол. Түрлі банктер жұртқа жеңілдетілген несиелердің түр-түрін ұсынып жатыр. Көлігі көп шаһардың жолы оңалмаса, апаттар мен басқа да жайсыз жағдайлардың орын алары сөзсіз. Тіршілігі қайнаған, жыл сайын аумағы кеңіп келе жатқан Қарағандының жол мәселесін шешу – негізгі міндеттердің бірі.

Суреттер ашық дереккөзден

Салауатты сана – қауіпсіз қоғам негізі

Жаһандану дәуірінде ақпарат ағыны мен ашық коммуникация мүмкіндіктері адамзатқа игілік әкелумен қатар, түрлі қауіптерді де қатар алып келді. Соның ішінде деструктивті идеологиялар мен діни радикализм қазіргі қоғам үшін ең қауіпті құбылыстардың біріне айналып отыр. Бұл идеологиялар адамның санасын ұлап, жеке тұлғаны ғана емес, бүтін қоғамды бөлшектеп, ұлттық қауіпсіздікке сызат түсіреді. Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет болғанымен, халқының басым бөлігі өзін ислам дінімен байланыстырады. Сондықтан діни радикализмнің алдын алу, салауатты діни сана қалыптастыру, рухани иммунитетті күшейту – елдің ішкі тұрақтылығы мен бейбіт өмірінің кепілі. Деструктивті идеология – бұл жеке адамның немесе топтың бойында қоғамға, мемлекетке, дәстүрлі дін мен мәдениетке қарсы көзқарастар қалыптастыруды мақсат ететін, көбіне агрессия мен окшаулануға негізделген идеялар жиынтығы. Мұндай идеология: заң мен тәртіпті мойындамауға, «біз» және «олар» деген жік салуға, ұлттық, діни және мәдени құндылықтарды теріске шығаруға итермелейді. Олар әсіресе жастардың санасын оңай жаулап алуы мүмкін, себебі жас адамның болмысында қалыптасу мен ізденіс процесі жүріп жатады. Осы кезеңде шындықты бұрмалаған «қарапайым» жауаптар ұсынатын деструктивті ағымдар өз ықпалын жүргізуге тырысады.

Салауатты сана деген не? Ол – адамның ішкі ойлау қабілетінің тепе-теңдігі, сын тұрғысынан ойлаудағысы, дүниетанымының тұтастығы. Бұл сана: Жалған ақпаратқа ермейді; Қоғамдық жауапкер-



шілікті сезінеді; Құндылықтарды ажырата біледі; Дін мен дәстүрді үйлесімді қабылдайды. Салауатты сана – ақпараттық иммунитеттің негізі. Ондай адам қандай да бір ақпаратты немесе идеологияны қабылдас бұрын, оны сараптап, физикалық ағзада ғана емес, рухани кеңістікте де қажет түсінік. Рухани иммунитеті мықты адам: экстремистік идеяларды қабылдамайды; діни сенімін салиқалы жолмен жүзеге асырады; заң мен

тәртіпке құрметпен қарайды; зайырлы қоғамда өмір сүру мәдениетін түсінеді. Бұл иммунитет мына жолдармен қалыптасады: Отбасыдан бастау алады. Ата-ана мейірімі, ұлттық тәрбие мен әдептілік негізі – баланың дүниетанымына әсер етеді. Білім мен тәрбие жүйесінде нығаиды. Мектеп пен ЖОО – тек білім беретін емес, құндылық қалыптастыратын орта. Мешіт пен медиа үлгі болуға тиіс. Дәстүрлі ислам мен ұлттық тәрбие – жастарға айқын бағыт сілтейтін негізгі күш. Ақпараттық сауаттылық – шешуші фактор. Әлеуметтік желілердегі жалған уағыздар мен шетелдік жат идеологияларға қарсы тек сыншыл

сана көмектеседі. Не істеуіміз керек? (Ұсыныстар) Діни сауатты мамандарды көбейту. Имамдар, теологтар мен дінтанушылар – халыққа дұрыс бағыт беретін негізгі тұлғалар. Әлеуметтік желіде қарсы контент жасау. Жастар жиі қолдатын TikTok, Instagram, YouTube платформаларында дұрыс діни мазмұн тарату. Ата-аналарға арналған оқыту курстарын ұйымдастыру. Баланың өзгерісін ерте байқау үшін ата-ана да ақпараттануы керек. Өңірлік ақпараттық-түсіндіру топтарын (АТТ) белсендірек жұмылдыру. Жергілікті деңгейде нақты жұмыс қажет. Қорыта айтқанда, салауатты сана – қоғамның

• ӨЗЕКТІ

Ет өңдеушілер не дейді?

Қазақстандағы ақбөкендердің санын реттеу мәселесі бойынша түпкілікті шешім ғылыми қорытынды алғаннан кейін қабылданады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Соңғы күндері біз ғылыми негіздеме алуды күтеміз, ол бізге мерзімдерді, реттеу орнын, аумағын, санын, әдістерін анықтайды. Сондықтан, келесі аптаның басында аламыз деп ойлаймын. Біз реттеу үшін анықталатын малдың санын аламыз және нақты білеміз.

Сондай-ақ, Сенатта егер шешім қабылданса, «Ет комбинаттары ет өңдеуге дайын ба?» деген сұрақ көтерілді. Бүгінгі таңда 13 (ет комбинаты) бойынша дайындық бар, онда тәулігіне 3 700 бас қабылдауға болады, – деді Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев.

Министрдің сөзіне сүйенсек, 2023 жылғы тәжірибені ескере отырып, бұл мәселеге жауапкершілікпен қараған жөн.

Ауыл шаруашылығы министрлігі барлық ет комбинаттары белгілі бір көлемді қабылдауға дайын екендігін атады.

Ардақ МИЗАМЕДИН,
Ұлытау облысы дін істері басқармасының бас маманы, дінтанушы
Kazislam.kz
Д

Талпынған жетер мұратқа



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, биыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жарияланды. Бұл – жұмыспен қамту мен кәсіби білімді қолдауға бағытталған маңызды бастама. Осы орайда Қарағанды қаласындағы Тамақтандыру және сервис колледжінде шағын наубайхана ашылды. Бұл бастама жастарды еңбекке баулуға, жұмысшы мамандықтарының қоғам үшін маңызын түсіндіруге бағытталды.



Кәсіпке жол ашқан колледж

Қарағанды тамақтандыру және сервис колледжінің директоры Құралай Әбенованың айтуынша, студенттерге үш бағытта білім беріледі. Колледж ұзақ жылдар бойы білікті мамандар даярлап келеді. Мұнда студенттер тек теориялық біліммен шектелмейді. Заманауи технологиялармен жабдықталған оқу-өндірістік шеберханаларда тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алған. Қазіргі уақытта аспаз, кондитер, технолог мамандықтары бойынша оқу ордасында 400-ден астам студент білім алуда.

– Мен Тамақтандыру және сервис колледжінде өндірістік оқыту шеберімін. Бұл колледжде жұмыс істеп жатқаным 10 жылдан асты. Наубайхана ашамыз дегенде қуанып қалдық. Бұл ба-

стама негізі біраз уақыттан бері ойымызда болған, бірден осыны қолға алып, бастап кеттік. Әзірге пайдалы нан, хала, тәтті бәліштер, бауырсақ секілді жеңіл тағамдарды пісіреміз. Қазіргі уақытта цех үлкен болғандықтан колледж студенттері мен шеберлері жұмыс істейді. Біз тапсырысқа да нан өнімдерін дайындаймыз, – деп өз жобаларымен таныстырып өтті өндірістік оқыту шебері Гүлнәр Маматова.

Наубайхана берген мүмкіндік

Биылдың ақпанында ашылған наубайханада 12 студент, 6 шебер жұмыс істейді. Басқа қалалар мен елдерден шеберлер келіп, дәріс сабақтарын жүргізіп, шеберлік сағаттар өткізеді. «Жұмысшы мамандықтарының жылында»

басталған жобаны колледж студенті Алексей Андрей өз қолына алған. Колледждің қолдауымен ашылған бұл наубайханаға Андрейдің сіңірген еңбегі аз емес. Жарнама, маркетинг, тапсырыс және сатылымға шығаруды дамытқан.

Колледж директорының айтуынша, жұмыс тек наубайханамен тоқтап қалмайды. Цехтің жанынан кондитерлік ұйым ашылған. Колледж студенттері тәжірибелік білім алып, тапсырыстармен жұмыс істейді.

– Қазіргі кезде адам көп білсе, жұмысқа оңай тұрып кете алады. Біз қазір цех пен кондитерліктен бөлек, бариста мектебін жоспарлап отырмыз. Бариста мектебінің бір ерекшелігі, студенттер өз кофелерін дайындайды. Бұл олардың басқа қырларын ашуға септі-

гін тигізеді деп ойлаймыз, – деп болашақ жоспарларымен бөлісті Диляра Апсәлімова.

«Нан Time» наубайханасының ашылуы колледж үшін ғана емес, Қарағанды облысы үшін де маңызды жаңалық. Бұл жоба өз кезегінде студенттер еңбегінің нақты бағалануына және тұтынушы сұранысын түсінуге жол ашады.

Жоба арқылы жастар тек мамандық иесі атанып қана қоймай, болашақта жеке кәсібін ашуға ын-таланады. Колледж басшылығының айтуынша, алдағы уақытта наубайхана аясында өнім түрлері көбейіп, өндіріс көлемі ұлғаймақ. Осылайша, «Нан Time» – білім мен кәсіпкерлікті ұштастырған табысты бастама ретінде дамып келеді.

«Еңбектің наны тәтті»

Колледж студенттерге біліммен бірге, кәсіп атты үлкен жолға түсіреді. Жаңа стартап оймен келген әрбір жаңа бастапқы көмек көрсетеді.

Соның бірі – Разия. Шет ауданында туып-өскен бұл студент өз ауылында жеке наубайхана ашуда. Разияның кәсіп бастаудағы мақсаты – ауыл тұрғындарын нанмен қамтамасыз ету. Тұрғындарды жұмысқа орналастырып, ауылды көркейту.

Колледжде балаларға арналған ProfiLand Kids, ProfiSchool Education бағдарламаларында колледж студенттерге кәсіби бейімдік бойынша көмек көрсетеді. Шеберлік сағаттар мен тәжірибелік сабақтар балалардың жұмысшы мамандығына деген қызығушылығын арттырады.

Колледж әртүрлі жарыстарға да қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Сондай жарыстардың бірі WorldSkills – қазір Алматы қаласында өтіп жатыр. Жарыста колледж атынан шоколад пен изомальттан жасалған мүсіндер көрсетіледі.

Арайлым ШОҚПАРОВА,
Қарағанды зерттеу университетінің
II курс студенті
Сурет автордан

Оразхан Әлиханұлы МҰХАМЕДЖАНОВ



Ұлытау облысының білім, ғылым және бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы ауыр қайғыға ортақтаса отырып, Жаңаарқа аудандық білім қызметкерлері кәсіподағының төрағасы, Оразхан Әлиханұлы Мұхамеджановтың өмірден озғанын терең күйзеліспен хабарлайды.

Оразхан Әлиханұлы 1956 жылдың 8 наурызында Қарағанды облысы, Осакаров ауданының Өленді ауылында дүниеге келген. Білім беру ісінің үздігі,

қадірменді ардагері, кәсіподақ қозғалысының белсенді ұйымдастырушысы ретінде ол өз өмірін ұстаздар қауымының игілігіне арнады.

1989 жылдан бастап осы күнге дейін Жаңаарқа аудандық білім қызметкерлері кәсіподағының төрағасы қызметін абыроймен атқарды. Бүкіл саналы ғұмырын ұстаздар мен сала қызметкерлерінің құқықтарын қорғауға, әлеуметтік-еңбек қатынастарын жақсартуға арнады. Ол өзінің біліктілігімен, адамгершілік қасиеттерімен, адалдығы және әділеттілігімен әріптестері арасында үлкен құрметке ие болды.

Оразхан Әлиханұлы – бірнеше марапаттың иегері, білім беру ісінің үздігі. Ұжым мен қоғам алдындағы ерен еңбегі әрдайым ел есінде сақталады.

Марқұм – өнегелі отбасының тірегі, ардақты ата, сүйікті жар болатын.

Оразхан Әлиханұлы Мұхамеджановтың жарқын бейнесі жад-ымызда мәңгі сақталады.

Қайғырып, көңіл айтамыз.

Жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын.

Ұлытау облысының білім, ғылым және бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы

№240

Хабарландыру

Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, Абай мұрасын көпшілікке кеңінен насихаттау, оның шығармаларының идеялық тұпқазығы мен маңызын түсіндіру мақсатында ү.ж. 25 маусымда сағ.11.00-де Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абай мұрасы және әлемдік руханият» тақырыбында облыстық ғылыми-практикалық конференция өткізеді.

Сонымен қатар ардагерлер арасында өткен «Әнді сүйсең, менше сүй» байқауына және мектепке дейінгі ұйымдардың бүлдіршіндері арасында өткен «Абай әлемі» фестиваліне қатысушыларды марапаттау мақсатында ү.ж. 30 маусымда сағ.15.00-де «Абай – әлемдік ойдың алыбы» тақырыбында әдеби-танымдық кеш өтеді.

Байланыс телефондары: 8 /7212/ 51-01-88, 51-38-00.

Өтетін орны: Қарағанды қ., Кеншілер даңғ., 64 «Достық үй».

№6111

• WORLDSKILLS – 2025

Жастарды еңбек шындайды

Қарағандыда «WorldSkills Karaganda – 2025» оныншы өңірлік чемпионаты қорытындыланды. Бұл жолы жарысқа облыстың 38 колледжінен 286 студент қатысты. Олар үздік атану үшін 46 құзыреттілік бойынша бақ сынасты.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жастар инженерия мен аспаздық, мейрамхана сервисі мен кірпіш қалау, бағдарламалау мен флористикадан өнерлерін көрсетті. «Жастар» спорт кешенінде орталықтандырылған түрде 20 бағыт бойынша жарыстар өтті. Сондай-ақ өңірдің 14 колледжі қалған құзыреттерге арналған мамандандырылған алаңдарда өнер көрсетті.

Сарапшылар чемпионатқа қатысушылардың деңгейі айтарлықтай өскенін, ал оқиганын өзі жұмысшы мамандықтарының нағыз мерекесіне айналғанын атап өтті.

– «Жұмысшы мамандықтарының жылында» WorldSkills өңірлік

кәсіби шеберлік чемпионаттарын өткізу ерекше мәнге ие болды. Жастар құрмет пен танымалдыққа ие болатын алаңға айналады, – делі білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы басшысының орынбасары Татьяна Нартова.

Барлығы 148 жүлдегер анықталды. Олардың қоржынында 55 алтын, 48 күміс және 45 қола медаль бар. Сондай-ақ, 40 қатысушы кәсіпқойлығы үшін арнайы медальға ие болды.

Жеңімпаздар «WorldSkills Kazakhstan – 2025» республикалық чемпионатында өңірдің намысын қорғайды.

Сурет облыс әкімдігінен

• ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Болашақтың қорғаны бекем

Әскери прокуратураға жүгіну – тұрғындардың құқық қорғау органдарына деген сенімін көрсететін маңызды көрсеткіш. Әскери прокуратура қызметкерлері мұндай өтініштерді тексеріп, олардың заңды негіздеріне мән береді. Өтініштерді қарау – прокуратураның жауапты қызметі, себебі ол азаматтардың құқықтарының бұзылуына жол берілмеуі тиіс. Қазір Қарағанды облысы мен Ұлытау облысында әскери қызметке шақыру науқаны жүргізілуде. Осыған байланысты, ең көп түскен өтініштер азаматтардың әскери қызметке шақыру, әскери дәрігерлік комиссиялардан өту, және олардың әскери қызметке шақырудан кейінгі медициналық тексерулер мен мерзімді қызметке қатысты сұрақтарынан туындайды.

Әскери прокуратура осы мәселелер бойынша жүйелі түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Мәселен, өткен аптада Қарағанды облысының жинақтау пунктінде «Прокурор сағаты» атты профилактикалық іс-шара өткізілді. Оның мақсаты – жастарға әскери қызметке шақыруға байланысты заң бұзушылықтардың алдын алу және оларды түсіндіру.

Шара барысында әскерге шақырылушыларға шақырудан қашу, сондай-ақ, медициналық тексерулердің сапасы мен оларды ұйымдастыру тәртібі туралы түсінік берілді. Одан бөлек, жастардың құқықтарын қорғау мақсатында шақыру пунктін ұйымдастырылуы, олардың тұру және тамақтану жағдайлары тексерілді. Әскери прокуратура қызметкерлері азаматтардың құқықтарын бұзуға жол бермеуге және заңсыз әрекеттерге қатысты қатаң бақылау жүргізетіндігін айтты.

Әскери қызметшілер мен олардың отбасыларының әлеуметтік құқықтарын қорғау – маңызды мәселе. Әскери прокуратура өткен жылы әскери бөлімдер мен мекемелерде қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілер мен олардың отбасыларының әлеуметтік қорғау деңгейін талдап, олардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету бағытында жұмыстар жүргізді.

Қарағанды облысында әскери қызметшілердің 99 ерекше



баласы бар. Бұл балалар әртүрлі диагноздарға байланысты тұрақты түрде қымбат емдеу мен күтімді қажет етеді. Қазақстан заңнамасына сәйкес, мұндай балаларға мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Атап айтсақ, ерекше баласы бар отбасы үшін тұрғын үй төлемдері, қосымша әлеуметтік көмек қарастырылған.

Әскери прокуратураның араласуынан кейін әскери қызметшілердің отбасылары үшін

бұл төлемдердің дұрыс есептелуіне кепілдік берілді. Осы өзгерістердің нәтижесінде отбасыларға қосымша әлеуметтік көмек көрсетілуде. Қазір әскери қызметшілердің ерекше балалары бар отбасылары үшін тұрғын үй төлемдері есебінен қосымша қаржы бөлінуде.

Бұдан бөлек, біздің әскери прокуратураның бастамасымен, еліміздің барлық аймақтарында осы саладағы құқықтарды қорғау үшін біркелкі тәжірибе

олардың отбасыларына мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қолдаудың маңызы зор. Әскери прокуратура бұл мәселеде белсенді жұмыс жасап, әлеуметтік қорғау жүйесінің жетілдірілуіне ықпал етуде.

Әділхан ӨМІРБАЕВ,
Орталық аймағы әскери прокурорының орынбасары
әділет майоры

Сурет автордан

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

• ТУРНИР

Өмірге күштар жүрекпен...

Қарағандыда трансплантациядан өткен және диализдегі адамдар арасындағы республикалық турнир ұйымдастырылды. Оған еліміздің 13 өңірінен команда келіп, бес күн бойы волейбол, жүзу, боулинг, дартс және үстел теннисінен сынға түсті.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

2017 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан бұл республикалық сайыстың географиясы жыл сайын кеңейіп келеді. Егер өткен жылы қатысушы командалар саны 11 болса, биыл бұл көрсеткіш 13-ке жеткен. Қатысушылардың қатары ғана емес, жарыстың маңыздылығы да артып отыр. «Өмір тынысы» трансплантацияланған наукастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жәнібек Оспанов бұл бастаманың басы-қасында жүрген жан. Турнирге облыс басшылығы тарапынан қолдаудың зор екенін баса айтты.

Трансплантациядан кейін де, диализге тәуелді наукастар үшін де спорт – қалпына келудің бір-де-бір жолы. Себебі дәрі-дәрмектің дұрыс сінуі, ағзадағы зат алмасудың реттелуі үшін қозғалыс аса маңызды. Бірақ, диализдегі азаматтар үшін бұл оңай емес. Олар аппаратқа белгілі уақытпен байланып, үйінен жыраққа шығуына мүмкіндік бола бермейді.

– Осыны ескере отырып, Қарағандыдағы диализ орталығымен келісім жүргіздік. Сырттан келген қатысушылар жарыс кезінде уақытылы ем қабылдай алды. Бұл үшін облыстық денсаулық сақтау басқармасына алғысымыз шексіз. Ақ халаттылар сайыс бойы жанымызда жүрді. Ең бастысы – ешқандай төтенше жағдай болған жоқ.

Келешекте турнирдің ауқымын кеңейтіп, әр өңірдегі диализ орталықтарымен жүйелі жұмыс жолға қойылады деген үмітіміз бар, – деді Жәнібек Оспанов.

Ақтөбе облысынан келген команда бұл жолғы жарыста айрықша көзге түсті. Сайысқа 8 ер, 4 әйел қатысып, командалық есепте топ жарды. Қатысушылар спорттың үш түрінен – I орын, екі түрінен – II орын иеленіп, жарыстың «Ең үздік командасы» атанды. Ақтөбелік делегацияның арасында 79 жастағы Ескак Сдиқов те болды. Ұзақ жылдар бойы спорт-

пен шұғылданып келе жатқан Ескак қария биыл дартс, боулинг және үстел теннисінен бақ сынап, «Ең үлкен қатысушы» номинациясына ие болды.

– Спортпен өмірбақи айналысып келемін. Өзім 20 жыл бұрын трансплантация жасатқанмын. Жас кезімде еркін күреспен айналыстым. Ал, трансплантациядан кейін жеңіл атлетикамен үзбей шұғылданамын. Облыс әкімдігінен бізге тұрақты қолдау бар. Нәтижесінде, командалық есепте топ жардық. Өзім 2022 жылы Ақтөбеде өткен дәл осындай тур-

нирде жүлдегерлер қатарынан көрінгенмін. Жүзуден – II орын, дартстан – I орын, үстел теннисінен – III орын иеленіп едім. Биыл жүлдегерлер қатарына іліне алмадым, – деді Ескак Сдиқов.

Қарағанды облысының құрамасы биылғы жарыста командалық есепте жүлдегерлер қатарына іліге алмады. Алайда, бұл олардың бәсекеге бәсең дайындықпен келгенін білдірмейді. Құрамында небәрі 7 спортшы болғанымен, әрқайсысы өз спорт түрінде үздік нәтиже көрсеткен. Нәтижесінде, боулингтен әйелдер арасындағы жарыста – I орын, дартстан 60 жастан асқан спортшылар арасында – I орын иеленген. Одан бөлек, әйелдер арасындағы дартстан – III орын, жүзуден де III орын еншілеген.

Бұл құраманы жарысқа бастап келген – «ХПН Жизнь» мүгедектер қоғамы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Айдос Серіков. Спортшының айтуынша, 20 жылдан бері диализде жүрген көрінеді. Соған қарамастан спорттан қол үзбей, өзгелерге де мотивация беріп, сенім сыйлап жүр.

– Команданы биыл алғаш рет жинап, жарысқа қатыстық. Әзірлікке уақыт аз болды. Өңір спортшыларын толық іріктеу алмадық. Дегенмен, алғашқы қадам жасалды. Келер жылы қатары толыққан, жақсы дайындықпен келген мықты команда жасақтаймыз, – деді Айдос Төлегенұлы.

Жарыс қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте Ақтөбе облысының командасы топ жарды. Ал, II орынды астаналықтар иеленсе, үздік үштікті шымкенттіктер түйіндеді.

Суреттерді түсірген автор



• ХОККЕЙ

Бүгінгі өзгеріс – ертеңгі жеңіс

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы өткен маусымда ел чемпионатында төмен нәтиже көрсеткен жоқ. Команда шебер ойын өрнегімен көзге түсіп, жүлделі III орынды еншіледі. Бұл – жеңіс жолындағы тұрақтылықтың белгісі. Енді, жана маусым қарсаңында команда өз құрамын күшейтуге кірісті. Маусым аяқталысымен клуб басшылығы білек сыбанып, бірқатар тәжірибелі ойыншылармен келісімшарт жасасты. Бұл жолы өзбекстандық «Хумо» клубында өнер көрсеткен қорғаушы Эдгарс Сиксна мен Ивана Степаненко, шабуылшы Артём Лихотников пен Данила Карaban «Сарыарқамен» келісімге келді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Латвиялық Эдгарс Сикснаның есімі жанкүйерлер үшін бөтен емес. Өткен маусымда «Хума» клубының сапында 47 матч өткізген. Нәтижесінде, 6 шайба салып, 28 нәтижелі пасс беріпті. Ал, оның алдында «Арлан» жеңісінде ойнаған. Бірақ, 2015-2022 жыл аралығын осы қарағандылық клубтың сапында өткізген. Тіпті, команда капитаны ретінде де мұз айдынында өнер көрсетті. Сол

уақытта жанкүйер есінде керемет ойынымен қалған. Бүгінде сол тәжірибелі қорғаушы клубқа қайта оралды.

Отандасымыз Иван Степаненко да өткен маусымның осы өзбекстандық клубтың сапында ойнаған. Физикалық әрі тактикалық тұрғыдан сауаттылығымен жанкүйерлер есіндегі ойыншы. Өткен маусымда 33 матч өткізіп, екі шайба салған. Әрі екі нәтижелі пасс та шығарыпты. Ал, 2022-2024 жылғы екі маусымның «Арланда» ойнаған. Одан бөлек, «Бейбарыс»,



«Снежные Барсы» команда құрамасының да жейдесінде айдыңға шыққан. Биыл Ұлттық құрама сапына шақыртылып, Әлем чемпионатында сәтті өнер көрсетті.

Шабуылшы Артем Лихотниковты да жанкүйерлер жылдам әрі епті ойыншы ретінде жақсы



біледі. Әрі қарсылас қақпасына қауіп төндіре алатын шеберлігі де басым. Өткен маусымда 45 ойын өткізіп, 5 шайба, 16 голдық пасс берген. Клуб басшылығы 31

• ПРЕМЬЕРА

Замана үнін тыңдатқан

Сәкен театрында Тахауи Ахтановтың «Жоғалған дос» атты шығармасының желісімен жазылған пьесаның премьерасы өтті. Режиссері – Айдын Салбан. Премьера Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орайластырылды. Пьесада майданға аттанған ерін күткен аяулы жардың, әкесіз өскен бойжеткеннің, қанды ұрысқа досымен кетіп, елге жалғыз оралған сарбаздың трагедиясы бар.



Пьеса театр актерлерінің хорымен басталды. Актерлер атақты халық әні «Әйкен-айды» шырқады. Хордың хормейстері – белгілі хормейстер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор, «Құрмет» орденінің иегері Амантай Жұмашев. Өн соғыс зардабын тартқан тағдырлы кейіпкерлердің жан үнімен үндескендей әсерде қалдырады. Хор паниномен сүйемелденді. Міне, бұл премьераның ерекшелігі осында.

Режиссер Айдын Салбан «Бұл пьеса арқылы соғыс зардабын басқаша қырдан көрсеткім келді» дейді.

– Бүгінгі қойылым Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған. Оқиға желісі өзгертілген. Соғыстан кейінгі оқиғаны бейнелейді. Соғыстың кесепатын тартқан отбасылардың ауыр тағдыры. Бұл тақырып арқылы соғыстың зардабын көрсеткім келді. Екінші дүниежүзілік соғыста 43,3 млн адам қаза болған. Менің ойымша, қуанып, той тойлатын жағдай емес. Жас ұрпақ бейбітшіліктің қадірін білсе екен деймін. 500 адам көріп, 5 адам ой түйіп кетсе, біз үшін сол зор нәтиже, – деді Айдын Салбан.

Режиссер уақыт кеңістігінде еркін сапарлайды. Соғыс басталғанға дейінгі жастардың сауық өмірінен бір эпизод көрсетіледі. Ал, соғыстың басталғанын «Әйкен-ай» әніне жағаласқан соғыс дабылымен білдіреді. Қауіпті тапсырмамен жау тылына аттанған барлау отрядының қаза тапқанын да актерлердің қимылымен білдіреді. Ешқандай сөз айтылмайды. Оқиғаның шарықтау шегі осы тұстан басталады. Арнайы операциядан жалғыз оралған

сарбаз еліне оралып, оқопта бірге болған досының қызын көріп қалады. Қыз болса, ес білгелі көрмеген әкесінің қаруласымен жолыққанына қуанып, оның үйдегі анасына алып барады. Шиеленіс осы тұста басталады. Әрі қарай сүйікті жарын сағынған әйелдің жан дүниесі диалогтар арқылы қотарылады. Әкесін бір көруді ансаған қыздың да жан сөзі ақтарылады. Режиссер шешімімен шығарма желісін аздаған өзгерістер енгізілгенімен, негізгі идея – адамгершілік, досқа, аяулы жарға деген адалдық.

Барлау отряды жау тылына шабуыл жоспарын қолға түсіру үшін барады. Ал, қыздың әкесі сол жоспардың штабқа жетуі үшін өз өмірін құрбан еді. «Жүз адамның өмірін құтқару үшін алтауды ажалға айдадық...» дейді басты кейіпкерлердің бірі Маңғас. Бұны соғыс түгілі күнделіктің өмірдің шындығына бойламаған бойы-жеткен түсіне алмай, дал болады. Осы деталь арқылы зұлматты ғасырдың жалынына шарпылған жас ұрпақ трагедиясын аңдайсыз.

Мұнда сертіне адал жардың, шынайы махаббаттан жаралған арлы қазақ қызының, замана қиындығына мойымас, Отан үшін отқа түсер қазақ жігітінің образы бар.

Премьераға орай актерлерге облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың ықылас гүлі тарту етілді.

Ернат МАҚАТАЙ,
Қарағанды зерттеу университетінің
III курс студенті

Сурет Сәкен театрының
баспасөз қызметінен

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтеменің көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй.

Электрондық пошта: ortalik.kz@gmail.com; ortalik.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalik.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZXX БИН 000840001412

Тарапымы 4 729

№63 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ерік НАРЫН